



Республикалық жастар газеті

# Ақмешіт ЖАСТАРЫ

Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады

...Мен жастарға сенемін!

Мағжан



**15** НАУРЫЗ МАРТА  
**РЕФЕРЕНДУМ**  
Президенттің досымыз маңында!  
Болашаққа сенеміз!  
ELECTION.GOV.KZ  
№9 (649)  
26 АҚПАН,  
БЕЙСЕНБІ  
2026 ЖЫЛ

ОРАЙЫН ТАБАДЫ, ҚАЛТАНДЫ ҚАҒАДЫ:

## ИНТЕРНЕТ

АЛАЯҚТЫҚ ТОҚТАМАЙ ТҰР

XXI ғасыр – ақпараттық технология дәуірі. Қазірдің өзінде өмірімізді смартфонсыз елестете алмаймыз. Ол тамаққа тапсырыс беру, коммуналдық төлемдерді өтеу, банк операциялары, онлайн киім сатып алу секілді көптеген дүниеге бір ғана батырма арқылы қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Алайда бұл қолайлы жүйенің көлеңкелі тұсы да бар. Қоғамда «Ізсіз жыл сайын мыңдаған қазақстандықтың қалтасын қағып, миллиардтаған ақшаны жымқыруда. Әйтсе де осы интернет алаяқтыққа келгенде арба сынып, өгіз өліп қала беретіні түсініксіз. Амалы таусылған талай жан өзі алмаған несиеcін төлеп, шығынға шаш етектен батып отыр.

3

АРЫҚТАЙМЫН ДЕП

## АРТЫҚ КЕТПЕҢІЗ

Алтын балық бар десем, сенесіз бе? Онда неге бітімді өзгертіп, қыпша белге айналдырамыз деген жарнамаға бірден елең етеміз?

Иә, әсіресе салмақ мәселесінде ғажайыпқа сенгіміз келеді. Таразыдағы сан мазаны алған сәтте адам арықтаудың жеңіл жолын іздейді. Дегенмен лезде артық салмақ тастауға көмектесетін түрлі препарат пен екпе, ақылға қонбайтын диета көбейгенмен, олардың салдары туралы ойлап көрдік пе?

Ендеше дұрыс арықтау деген не? Бір айда қанша келі салмақ тастаған қауіпсіз? Қарастырайық.



7-БЕТТЕ

АСПАНДА ӨТКЕН

## 900 САҒАТ

8-БЕТТЕ



Айбану ҚАЛИЕВА:

ФАРИЗАНЫҢ АМАНАТЫН КӨЗІМНІҢ ҚАРАСЫНДАЙ САҚТАЙМЫН

8-БЕТТЕ

## ҒЫЛШЫН ТІЛІ ӘЛЕМГЕ ЕСІК АШАДЫ



Өткен санда «Қазақ тілінің цифрлық әлемдегі дәрежесі қандай?» тақырыбында мақаламыз жарыққа шыққан еді. Бұл жолы осы сарынды жалғастыра отыра, жаһандану дәуіріндегі ағылшын тіліне қалам тербеуді жөн көрдік.

Ағылшын тілі – жай ғана шетел тілі емес, әлемдік коммуникацияның әмбебап кілтін айналы. Бүгінде ғылым мен технологияның, халықаралық бизнестің, дипломатия мен цифрлық кеңістіктің басым бөлігі ағылшын тілінде сөйлейді. Әлемнің түкпір-түкпіріндегі университеттер, зерттеу орталықтары, ірі компаниялар ортақ тіл ретінде дәл осы ағылшын тіліне жүгінеді. Сондықтан оны меңгеру арқылы тек сөздік қорды байытумен ғана шектелмейміз, әлемдік ақпарат ағынына еркін қосылып, кәсіби мүмкіндіктерді кеңейтуге, одан бөлек, бәсекеге қабілетті болуға мүмкіндік аламыз.


## ТЫЛСЫМҒА ТОЛЫ МЕКЕНДЕР:

### ТАБИҒАТ ПЕН ТАРИХ ҚҰПИЯСЫ

Қазақ жерінде құпиясы ашылмаған сан мыңдаған мекен бар. Ұлы дала төсіндегі тылсымға толы бұл орындардың әрқайсысы өз тарихын жастап алып, үнсіз жатқандай. Кейбірі бабаларымыздың күнделікті өмірін, мәдениетін бейнелесе, енді бірі табиғаттың ғажайып сырын паш етеді.

Кейбір мекендердің құпиясы әлі күнге дейін зерттеушілер үшін жұмбақ күйінде. Жер асты үңгірлері, доп секілді домалақ тастар, дыбыс шығаратын құм төбелер бәрі-бәрі адамзат тарихы мен табиғаттың өзара байланысын аңғартады. Сол себепті әрбір сапар, әрбір зерттеу тек географиялық емес, рухани саяхат та болып келеді. Өткен мен болашақ арасындағы көпірге айналған тылсымға толы тарихи мекендер жайлы қалам тербеуді жөн санадық.


5



4

1 НАУРЫЗ – АЛҒЫС АЙТУ КҮНІ

# КІМГЕ АЛҒЫС АЙТҚЫҢЫЗ КЕЛЕДІ?



Алғыс айту күні – мейірім мен достықтың жарқын мерекесі. Адам өмірі ризашылық пен шынайы алғыстан нәр алғанда ғана мәнді болмақ. Бұл ретте мерекенің мағынасы тереңдей түседі. 2016 жылдан бері Президент жарлығымен аталып өтетін бұл мейрам Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылған күнмен тұспа-тұс келеді. Мерекенің басты мақсаты – тағдыр тәлкегімен елімізге қоныс аударған этнос өкілдерінің қиын-қыстау кезеңде бауырына басқан қазақ халқына ризашылығын білдіруі, ел ішіндегі ынтымақ пен бірлікті нығайту.

Десе де бұл күні жақындарымызға да алғыс айтсақ артық болмайды. Бәлкім, сіз ата-ананызға, ұстазыңызға, қиын сәтте демеу болған досыңызға немесе жай ғана жымылып, қоңыл-күй сыйлаған бейтаныс жанға алғыс айтқыңыз келетін шығар? «Ақмешіт жастары» жүрек түкпіріндегі ізгі ниетті білдіру мақсатында қала тұрғындарынан сауалнама алды. Ендеше, оқырмандарымыздың ақжарма тілектері мен жүрекжарды лебіздерін бірге оқиық.

## Айгерім ҚЫРЫМОВА:

– Ең алдымен, алғысымды аяулы анам мен әкеме арнаймын. Ана – өмірдің бастауы, мейірімнің шексіз теңізі. Ол бізді жарық дүниеге әкеліп қана қоймай, бар ғұмырын баласының бақытына арнайды. Ана жүрегі әрдайым кешірімге толы, мейірімге бай. Ал әке – отбасының тірегі, асқар тауы. Ол сабыр мен күштің, еңбек пен жауапкершіліктің үлгісін көрсетеді. Әкем маған адал болуды, еңбекорлықты, табандылықты үйретті. Менің әр жетістігімнің артында анамның ақ тілегі мен әкемнің төккен мандай тері тұр.

Өмірлік жолдасым да айтар алғысым ерекше. Өмірдің сан түрлі белестерінде бірге болып, қиындықта сүйеу, қуанышта серік болған жан – нағыз бақыттың белгісі.



толқынынан қорғап, бағыт-бағдар беретін кемемсіздер. Сіздердің бар болғандарыңыз үшін алғыс білдіремін.



## Динара СЕЙТАЛИЕВА:

1 наурыз – «Алғыс айту» күні. Осы күнге орай анам Рагул Еңсеповаға алғыс білдіргім келеді. Анасын жақсы көрмейтін пенде баласы жоқ шығар. Ана қадірін «Балалы болғанда білерсің» дейді. Бұл күндері өзім де ана болған соң, ана жүрегім жете түсінетіндей болдым. Балалық шағымда анам бір күнге қыдырып кетсе, үй іші жылысыз, жарықсыз қалғандай сезінетінмін. Анам үйге оралған да аспандағы күннен жарық болып көрінетін. Сізбен өткізген әрбір күнімде мен бақыттымын. Түн ұйқыңызды төрт бөліп, бізді мәпелеп өсірген еңбегіңіз үшін мың алғыс! Жасыңыз ұзақ, деніңіз сау болсын, анашым!

## Ерасыл РАХМАНҚҰЛ:

– Қымбатты Хансұлтан, Алғыс айту күніне орай саған жүректен шыққан сөзімді айтамын. Сен мен үшін жай ғана сыныптас емес, шын мәнінде жанымнан табылатын доссың. Күнде мектепте қатар отырып, бірге күліп, кейде бірге уайымдап жүргеніміздің өзі – үлкен бақыт. Кей сәтте ешкімге айтпаған ойымды саған еркін айта аламын. Себебі сен тындай білесің, түсіне білесің.

Маған қолдау көрсеткен сәттерің аз емес. Қарапайым «бәрі жақсы болады» деген сөзіңнің өзі күш беретін. Біздің достығымыз уақытпен емес, шынайылықпен өлшенсе деймін. Әрдайым өз қалпында қал. Армандарың орындалып, жолың ашық болсын. Сендей досымның бар екеніне қуаныштымын.

## Бейбіт ТАЛҒАТҚЫЗЫ:

– Құрметті менің Қайырбек атам, ардақты Раушан әжем!  
Сіздерге Алғыс айту күніне орай шын жүректен алғысымды білдіремін. Сіздер – біздің шаңырағымыздың бере-



кесі, отбасының тірегі, ақыл мен мейірімнің қайнар бұлағысыздар.

Ата, сіздің өмірлік тәжірибеніз бен парасатты ойларыңыз, еңбекқорлығыңыз бізге үлкен үлгі. Әже, сіздің мейіріміңіз бен қамқорлығыңыз жүрегімізге жылу сыйлап, бізді тек жақсылыққа жетелейді. Сіздердің бізге деген шексіз сүйіспеншіліктеріңіз бен қолдауларыңыз үшін алғысым шексіз. Ата-әжемнің шаңырағында көрген тәрбиелеріңіздің арқасында біз адамгершілікті, еңсемізді биік ұстауды, әрдайым адал әрі қамқор болуды үйрендік.

Осындай өнегелі тәрбие беріп, бізге өмірдің дұрыс жолын көрсеткендеріңіз үшін мың алғыс! Ендігі тек немерелеріңіз Бейбіт, Назерке, Жанеркемен мақтанып отыруды бұйырсын. Сіздерді шын жүректен жақсы көремін, қадірлі ата-әжем!

## Абблайхан ДОЛЛОРЕС:

– Алғыс айту күні ерекше мейрамдардың бірі. Бұл күнге орай мен өзімнің анам ризашылығымды білдіремін.

Біз үшін әу бастан «санасы түзу, 12 мүшесі сау болсын» деп дұға еткеніңе рақмет. Тоғыз ай бойы құрсағыңда көтеріп, қаншама қиындыққа қарамастан, бізді аман-есен дүниеге әкелгенің үшін, аналық мейірімнің барлығымызға теңдей бөліп, шуағыңды төккенің үшін, берген қымбат тәрбиенің үшін рақмет.

«Жақсы сөз сөйле, жақсы нәрсе ойла, салауат айта жүр, көп уайымдама» – деген сөздерің мен өнегелі тәрбиенің өмірлік ұстанымыма айналды. Біз үшін тынбай еңбек етіп, талай жұмыс істедің. Қаншама күндер жаяу жүріп, тапқан-таянғандың алдымызға әкелгенің, Аллаға тәуекел етіп, қатандай соңғы тиыныңа бізге тәтті алып берген сәттерің ешқашан ұмыт болмайды.

Еске ала берсем алғыс айтар сәттерім көп. Мен қанша еңбек етсем де, аналық ақ сүтін мен еңбегіңнің өтеуін қайтара алмаспын. «Ата-ана баласына разы болса, Алла Тағала оған разы болады» дейді ғой. Бізге разы болғаның үшін рақмет, анашым.

## Сауалнама жүргізген Мерей ШӘҚРАТ



Жеті елден келген 5000-ға жуық жас өнертапқыш Астанадағы EXPO көрмесінде бас қосты. Тәжірибе алмасты. Бак сынады. Болашақ инженерлер темірге жан бітіріп, дрон ұшырып, ЖИ жайлы пікірталас ұйымдастырды. Мұның барлығы «ALEM TECH FEST – 2026» фестивалінде өткен еді.

# ТОП ЖАРҒАН ТАЛАНТТАР



Иә, кейінгі жылы елімізде STEM білім беру, ЖИ мен робототехника бағытына басымдық беріліп келеді. «ALEM TECH FEST – 2026» фестивалі де сөзімізге дәлел.

Іс-шара барысында FIRST LEGO League, FIRST Tech Challenge, RoboCup Soccer, RoboCup Rescue, Physical AI Championship, FPV Simulator Racing, Whoop Racing, Drone Football, Alem Drone Challenge, AI Drone Challenge бағыттары бойынша байқау мен білім беру бағдарламалары ұйымдастырылды. Оқушылар Hour of AI білім беру бастамасы арқылы интерактивті тапсырмаларды орындай отырып, жасанды интеллект негіздерімен танысса, жалпы қатысушылар WSO бағыты аясында спутниктік жобаларды әзірлеуге және түрлі санат бойынша робототехникалық шешімдер дайындады. Іріктеу кезеңінен өткен командалар финалда жобаларын сарашылар алдында таныстырып, командалық сұхбатта білімін, логикасын, табандылығын дәлелдеуге тырысты. Үздіктер Хьюстон қаласында өтетін «FIRST Championship» әлемдік байқауының финалына жолдама алды. Яғни бұл фестиваль халықаралық деңгейге шығатын баспалдақтың бірі еді.

Осындай үлкен додада Сыр елінің жас техниктері де шет қалмады. RoboCup Rescue бағытында Unitree Go 2 робот-итімен өткен күрделі сайыста LUPIC командасы I орын иеленді. Бұл – тек техникалық шеберлік емес, алгоритм мен стратегияны үйлестіре білген еңбектің нәтижесі. Ал Alem Drone Challenge бағытында Fly-Orda командасы күміс жүлдеге қол жеткізсе, Drone Football сайысында сегіз жұлқты команданың арасынан суырылып шығып, III орын алды. FlyOrda командасы бірнеше бағытта қатар нәтиже көрсетіп, жүйелі дайындықтарын дәлелдеді. Команда жетекшісі Ержан Кенжеевтің «Үздік жетекші» атануы да – жай ғана марапат емес. Мұндай саладағы жеңіс тек код жазумен өлшенбейді. Команданың сенімі, техникалық тәртіп, уақытты басқару, дұрыс бағыт-бағдар – барлығы ментордың еңбегіне байланысты. Сондықтан бұл жетістік – шәкірт пен ұстаздың бірлескен жұмысының нәтижесі.

Бүгінгі оқушы ертенгі технологиялық шешімдерді қалыптастыратын буын. Ал мұндай алаңдар сол болашақтың іргетасын қалап жатқаны қуантады.

Инжу МАРЖАН

# ҚЫСҚЫ ЭКРАНДАҒЫ ОТАНДЫҚ ФИЛЬМДЕР

Өткен жылдарға зер салсақ, отандық кино өндірісінің тың қарқын алғанын байқаймыз. Үлкен экраннан көрсетілген туындылар сан жағынан ғана емес, жанрлық ауқымы мен тақырыптық тереңдігі бойынша да айтарлықтай кеңейген. Әсіресе қысқы маусым қазақ киносы үшін қызу кезеңге айналды. Желтоқсаннан басталған премьералар легі қантар мен ақпанда да толастаған жоқ. Комедиядан драмаға, әлеуметтік туындыдан мелодрамаға дейін әр бағыттағы жаңа фильм көрерменге жол тартты.

Қыс – әдетте кинотеатрлар үшін де маңызды кезең. Демалыс көбейеді, сәйкесінше сұраныс та артады. Осы мүмкіндікті тиімді пайдаланған режиссерлер мен продюсерлер көрермен талғамын дөп басуға тырысты. Ендігі сауал – сол фильмдердің қайсысы көрермен көңілінен шығып, қайсысы

уақыт сүзгісінен өте алды? Иә, осы маусымда біршама туынды шығып, қайсына билет аларымызды білмей қал болды. Бірақ «Дәстүр 2: Теріс бата», «Құшақташы, мама!» мен «Ғашықпын саған» фильмді көптің көңілінен шығып, талқыға түскен фильмдердің бірі ретінде есте қалды.

## «Дәстүр 2: Теріс бата»

Фильмде Дана есімді қыз әжесінің ауылына келеді. Көп ұзамай бұл ауылда балалардың ежелгі жоралғы бойынша құрбандыққа шалынатынын біледі. Дананың өзі де сол қатігез рәсімнің құрбаны бола жаздайды. Ал қалада оның анасы тергеушімен бірге әр он екі жыл сайын қайталанатын балалардың жоғалу тізбегін зерттеп, қарғыс жайлаған мекеннің ізіне түседі. Құтқарушылар соңғы сәтте келеді, алайда зұлымдықты жеңу үшін ауыр құрбандық қажет болады.

Режиссері – Алишер Утев. Фильм көркемдік шешімімен, ауылдың атмосферасын ерекше жеткізумен, түс

пен жарықты қолдануымен жоғары бағаланды. Қара-ақ көріністер мен оңтүстік готикасына тән қою стиль ерекше әсер қалдырады. Дегенмен көрермендер финалдың көмескілеу шыққанын, кей оқиға желісінде логикалық оқшылықтар бар екенін және басты кейіпкерлердің ойыны әлсіз болғанын атап өтті. «Сюжеттің кей жері түсініксіз болса да, ауыл атмосферасы әсерлі болды», – дейді қала тұрғыны Айбек Исаев. Иә, оқшылықтарға қарамастан техникалық деңгейі мен жанрға жасаған талпынысы оң бағаланды.

## «Құшақташы, мама!»

Ананың көңілі балада, баланың көңілі далада. Фильм көрерменге терең эмоциялық әсер қалдырды. Көпшілік залдан көз жасымен шыққанын, аналарына бірден хабарласқанын жасырмады. Туындыда айтылмаған реніш, ұрпақтар арасындағы үнсіз жара, ананың шаршаған бейнесі шынайы көрсетілген. Көп адам фильмді отбасымен бірге көруге кеңес беруде.

Бұл драма Жалғас есімді табысты ер азаматтың ішкі күйзелісі арқылы өрбиді. Оның отбасы бар, жағдайы да жақсы. Бірақ жан тыныштығы жоқ. Ол балалық шақтағы орындалмаған армандары мен отбасындағы ауыр сәттер үшін анасы Майрашты кінәлайды. Үйдегі жанжалдан кейін, анасының мерейтойы қарсаңында Жалғас оны ауылға

өзі апаруға шешім қабылдайды. Жол үстіндегі әр аялдама, әр кездейсоқ кездесу оның өткенін қайта ашып, ең ауыр күйлермен бетпе-бет әкеледі. Бұл сапар оның өмірге көзқарасын түбегейлі өзгертеді. Себебі көлікте анасы жоқ еді...

## «Ғашықпын саған»

Алматы – ең алғашқы махаббатым, Шығарған Дінмұхаммед атам атын, Шашады шартарапқа атапасағын, ару қала.

Мектептегі өмірін аяқтап, алматылық студент атанған әр жастың жүрегінде бұл қаланың орны ерекше. Қарбалас, жанталас пен махаббатқа толы Алматыда өмір сүру де қиын, бірақ қызық. Талай жас мұны мойындайды.

Бірде меуіп, бірде тартар өзіне, Бұл қаладан кете алмайсың безіне, Күлдіріп ап жас толтырар көзіңе, Құбылмалы Алматы, – деген өлең жолдары да сізге таныс шығар. Алматы жайында бекер сөз қозғамадық. Соңғы айда кең танылған киноның бірі – Алматының болмасын көрсететін «Ғашықпын саған» туындысы. Фильм жеңіл романтикадан басталып, кейін меланхолиялық драмаға ұлғасады.

Камилла САҒЫНДЫҚОВА, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің 4 курс студенті



Суреттер ашық дереккөздері атында

**Басы 1-бетте**

Бұл «ізіс ұрылар» есік бұзбайды, терезе сындырмайды, тіпті қарақшылық шабуыл да жасамайды. Олардың қаруы – психология, сенім және жаңа технология. Кейінгі жылдары интернет алаяқтық қоғамның ең ауыр дертінің біріне айналды. Оның ауқымы кең. Біз «Мен алданбаймын. Оң мен солды жақсы білемін» деп өзімізді үлкен қауіпке тігетінімізді аңғармаймыз.

Бұл мәселе республикалық деңгейден өтіп,

қылмыс дерегі тіркелген. Яғни, 2025 жылдың көрсеткішімен салыстырғанда алаяқтық деңгейі азайды. Дегенмен профилактикалық жұмыс тоқтамады.

Бұл қылмыстың ашылу көрсеткіші 73,3%-ға жетті. Ең жиі тіркелетін алаяқтық түрі – фишинг. Біздің жәбірленушілерге алаяқтар әртүрлі банктен хабарласып, өзін менеджер деп таныстырады. Көптеген жәбірленуші бізге уақытылы келмейді. Бірнеше ай өткеннен кейін келеді. Ол кезде қаражат басқа есепшотқа, бөгде елге кетіп жатады. Оны анықтау үшін ұзақ уақыт кетеді, – дейді ол.

Қазір алаяқтар жас талғамайды. Жас та, карт та осы мәселенің құрбаны болып

бастап, психологтар мен заңгерлерге дейін дабыл қағуға мәжбүрленіп отыр.

**Халық неге алданады?**

Технология қанша дамыса да, алаяқтардың негізгі кілті – адам психологиясы. Кейіпкердің оқиғасына қайта көз салсақ... Ол білмегендіктен емес, оны сендіргендіктен алаяқтық арбауына түсіп қалды. Яғни хабар, білім болғанның өзінде психологиялық әдістер біраз рөл ойнайды. Адамды алдау үшін олар әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолданады. Бұл құбылысты түсіну үшін психолог Асыл Қанбаеваға жүгіндік.

– Кейінгі кезде интернет алаяқтық қоғамда өршіді. Оның себептерінің бірі психологиялық амал-тәсілдердің

– жылдам байыту уәдесі. Инвестиция, криптовалюта, онлайн-жұмыс. Оның психологиялық негізі пайдаға ашкөздік емес, қаржылық қауіпсіздікке ұмтылу, өмірін тез жақсартқысы келу. Алаяқтар «сирек мүмкіндік» иллюзиясын жасап, уақытты жасанды түрде шектейді: «тек бүгін ғана», «орын саны шектеулі». Уақыт жағынан шектелген мүмкіндік туындағанда адамда сыни ойлауы сейіле бастап, қауіп-қатерлі байқамайды.

Төртінші әдіс – қорқыныш арқылы қысым жасау. Оған мысал ретінде аккаунттың істен шығып, алаяқтардың қолына түсуі, айыппұл салу, жеке деректі жариялау секілді тараптарды қарастыруға болады. Қорқыныш кезінде адам логикамен емес, аман қалу режимімен әрекет етеді.

2-ші бөлімінің 4-ші тармағы. Аталған құқықбұзушылық көбіне жасы үлкен, карт кісілерге жасалады. Заңнан, қоғамнан тыс ауылда жұмыс істейтін тұлғалар «Kaspi», «Halyk» секілді қосымшаларды пайдаланғанда қиындықтарға тап болады. Алаяқтар осыны пайдаланады. Біздің практикада көп кездескен жайт – абонентке «Сізге поштадан зат келіп тұр» деп оны растау үшін код сұрау. Артында банк қызметкері болып басқа қызметкер хабарласады. Ол алаяқтық фактісі тіркелгені және оның атынан белгілі мөлшерде несие рәсімделгені туралы айтады. Кейін қаржы полициясының қызметкері ретінде хабарласады. Ақыр аяғында жәбірленуші алдай несие алып беріп жатқанын білмей, алаяқтың «оны өтеу» керек деген сөзіне сеніп қалады.



# ОРАЙЫН ТАБАДЫ, ҚАЛТАҢДЫ ҚАҒАДЫ: ИНТЕРНЕТ АЛАЯҚТЫҚ ТОҚТАМАЙ ТҰР

халықаралық ауқымға шығып кетті. Осы тақырыпта Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты жолдауында сөз қозғаған еді.

– Жаппай цифрландырудың, соның ішінде банк саласын цифрландыру ісінің пайдасы көп екені сөзсіз. Бірақ оның қауіп-қатері де аз емес. Кейінгі жылдары онлайн-алаяқтық мемлекеттің және азаматтардың қаржылық қауіпсіздігіне үлкен нұқсан келтіріп жатыр. Сондықтан киберқылмыспен күресу үшін антифрод орталығы құрылды. Биометриялық анықтау жүйесі енгізілді. Банктердің, микро-қаржы ұйымдары мен байланыс операторларының жауапкершілігі күшейді. Дегенмен бұл мәселеге үнемі жіті назар аудару қажет. Құзырлы органдардың жұмысын ұдайы жетілдіріп отырған жөн.

Киберқылмыстардың алдын алуға мүмкіндік беретін барынша интеллектуалды жүйе құру керек. Қажет болса, тиісті заңға және құқық қорғау органдарының қызметіне өзгерістер енгізген жөн, – деді ол.

Бұл мәселе әркімнің басынан өтуі мүмкін. Себебі алаяқ адам талғамайды, әдіс таңдайды. Оған дәлел біздің жасырып кейіпкер.

– Түнгі ауысымнан шығып, үйге қайттым. Телефоныма біреу хабарласты. «Kaspi» қосымшасынан тапсырыс келді деді экрандағы дауыс. Шаршағаннан болар, нөмірді де дұрыс қарамаппын. SMS арқылы келген нөмірлерді айттып. Кейін демалып алайын деп ұйқыға кетіп бара жатқан кезде кейінгі уақытты ештеңеге тапсырыс бермегенімді аңғардым. Сөйтіп банк картамды қайта тексердім. Сөйтсем менің атымнан 4 миллион теңге кредит алынған екен. Көзіме оттай басылғаны қаражат емес, күнде осындай істер туралы хабарлар болып, алданып қалғаным, – дейді кейіпкер.

**Сандар сөйлейді**

Қазақстанда интернет-алаяқтық қылмыстарының өсу қарқыны үрей туғызады. Мәселенің мән-жайын білу үшін біз Қызылорда облысы Полиция департаменті Киберқылмысқа қарсы іс-қимыл басқармасының жедел уәкілі полиция аға лейтенанты Асхат Дәуіржанұлымен байланысқа шықтық.

– Әлеуметтік желінің дамуымен оның көзкеңкелі жақтары да келе бастады. Қазір интернет алаяқтықтың 2025 жылдың екі айында 77 қылмыс орын алса, 2026 жылдың екі айында 65

жатады. Қарттар көбіне қаржылық сауаттылық болмай, әлеуметтік желіні түсінбеген кезде алаяқтар оларды арбауына түсіреді. Ал жастар онлайн жұмыс істегісі келеді. Әлеуметтік желі арқылы пайда тапқысы келеді. Егде жастағы адамдар, саудагерлер, онлайн жұмыс істейтін кісілер жалған сайттарға ақша аударып, қаражаттарынан айырылып жатыр.

Маманның айтуынша, бұл жайт алаяқтардың «VPN» қосымшаларын қолдануымен күрделене түседі. Ол арқылы алаяқтар өздерінің жүрген жерлерін жасырады. Жалған ақпарат арқылы өзін таныстырып, бір реттік sim-картаны пайдаланады. «Telegram» қосымшасында чатты өшіру тек бір адамның тарапынан болса да, екі телефоннан да хаттар өшеді. Жәбірленушілер сақтануды естен шығарады. Осы фактілердің сабақтастығы істі қиындатады.

Статистика көрсеткендей, алаяқтардың құрбаны болушылардың жас ерекшелігі әртүрлі. Бұрын көбіне зейнеткерлер алданады десек, бүгінде 18 бен 45 жас аралығындағы еңбекке

қолданысы. Себебі адам үшін эмоционалды жағдай аса маңызды, – деді маман.

Психологтың айтуынша, алаяқтар анонимдік және жалған тұлға құру, романтикалық манипуляция, жылдам байыту уәдесін беру, қорқыныш арқылы қысым жасау, сенімге кіріп, ақпарат жинау сияқты дағдылар арқылы адам алдайды.

Алғашқы методика – анонимдік және жалған тұлға құру. Ол арқылы интернетте адам өзін қалағандай етіп көрсете алады. Алаяқтар тартымды фото, табысты өмір бейнесі, «идеал» мінез-құлық моделін жасайды. Бұл – проекция механизміне әсер етеді. Адам қарсы тарапты емес, өз қиялындағы бейнені жақсы көре бастайды.

Келесі – романтикалық манипуляция. Маманның пайымынша, бұл – ең қауіпті бағыттардың бірі. Әдетте ол мынадай сценарийде болуы мүмкін. Алдымен құрбанмен эмоциялық тұрғыда тез жақындасып, жақын байланыс орнатады. Одан соң өзіне деген эмоциялық тәуелділік қалыптастырады. Мысалы «ыстық-

Келесі әдіс – сенімге кіру және ақпарат жинау. Алаяқтар алдымен жеке ақпаратты сұрамайды. Олар сөйлесіп, сенім қалыптастырады. Сосын гана карта нөмірі, код, құпия дерекке өтеді. Бұл – «біртіндеп келістіру» тактикасы.

Асыл Қанбаеваның айтуынша, қашықтық адамға қауіпсіздік сезімін кетеді. Ол жерде адам қарсы тараптың эмоциясын көрмейді. Онымен қоса, сандық ортада ақпарат жылдам беріледі, шешім де жылдам қабылданады. Алаяқтықтың бұл түрі осы жағынан қиындық тудырады.

**Заң тілі не дейді?**

Егер қылмыс орын алса, заң не дейді? Ақмола заң консультанттар палатасының заңгері және «Марки-зант» заң орталығының орынбасары Барысбек Қуандық бұл мәселенің құқықтық астары өте күрделі екенін айтты.

– Кейінгі кезде Қазақстанда ең ауқымды тарап жатқан мәселенің бірі – интернет алаяқтық. Яғни қылмыстық кодекстің 190 бабының

Қазірде қылмыстық баға берілген «дропперлер» бар. Оған қатысты іс қозғалады. Қарапайым тілмен айтқанда, банк шотына белгілі бір суммада қаражат түседі. Олар жәбірленушіге хабарласып, ақшаны қайта аударуын сұрайды. «Бізге аударыңыз, біз жауып тастаймыз» дейді де, ортадағы адамды 4-5 миллионға алдайды. Онымен қоса бастапқы қаражатты да иеленіп, жәбірленушінің мойнына жабады. Дропперлерге Азаматтық кодекстің 453 бабы «Негізсіз ақша-қаражат иелену» заңы бар. Сол бойынша сотқа беріп, азаматтың жәбірленуші деп танылғаны, 10 адамға ақша аударса, сол 10 адамға бөлек жергілікті тұрғылықты мекенжайы бойынша сотқа беріп, ақшаны өндіруге болады. Ал алаяқ сол күйі табылмай кетеді. Мен бұрын Қызылорда қалалық полиция басқармасында тергеу бөлімінде жұмыс істедім. Сол кезде интернет алаяқтықпен айналыстым. Практикада көп кездескені – түрмеде отырған азаматтардың осы іске қатысты болуы, – деді заңгер.

**Қалай қорғанамыз?**

Осы қауіп-қатердің барлығына қарамастан, цифрлық әлемнен бас тарту мүмкін емес. Ең дұрыс шешім – цифрлық гигиенаны сақтау. Осы орайда заңгер Барысбек Қуандық бірнеше ұсыныс айтқан еді.

– Алдағы уақытта үлкен кісілерге, жалғыз тұратын немесе телефонды қолдануда қиындық туындайтын жандарға айтарым, алдағы уақытта сізге қандай да бір азамат немесе белгісіз, сізге қатысы жоқ адам хабарласса ешқандай код айтпаңыздар. Сіз ешкімге ештеңе айтуға міндетті емессіз. Өз құқықтарыңызды біліңіздер. Абай болыңыздар, – деді ол.

Интернет – шексіз мүмкіндіктер мекені, бірақ ондағы қауіп те аз емес. «Ізіс ұрылар» біздің сенгіштігімізді, қаржылық сауатсыздығымызды және қорқынышымызды өз пайдасына жаратады. Мемлекет тарапынан заңдар қатайып, банктер қауіпсіздікті күшейткенімен, ең мықты қорған – цифрлық сауат.



Суреттер ашық дереккөзден алынды

қабілетті, IT сауаты бар деп есептелетін азаматтар да қармаққа жиі ілінуде. Ең көп таралған схемалар жалған қауіпсіздік қызметіне қонырау шалу: OLX, Kolesa.kz, Instagram арқылы жалған тауар сату немесе жеткізу қызметі арқылы карта дерегін ұрлау, криптобиржалар атынан жалған жарнама жасап, ақша салуды ұсыну. Бұл жағдай құқық қорғау органдарынан

суық» ойындарын қолдану арқылы. Құрбанды болашақ туралы уәделермен сендіріп қояды. Құрбанның сыни ойлауы басылған кезде күтпеген қаржылық мәселесі пайда болады. Мұнда «эмоциялық инвестиция» принципі іске қосылады, яғни адам қарым-қатынасына қанша эмоция салса, сонша сенгісі келеді.

Ал ең танымал әдістердің бірі

**Смартфон – сіздің үйіңіздің кілті секілді. Сіз үйіңіздің кілтін көшедегі кез келген адамға бермейсіз ғой? Сол сияқты, жеке деректеріңіз бен банк картаңыздың құпияларын да көзіңіздің қарашығындай сақтауыңыз қажет. Алданып қалмас үшін әрқашан сергек болыңыз. Егер сізге күдікті қоңырау түссе, тұтқаны қойып, банктің ресми нөміріне хабарласыңыз. Туыстарыңызбен, әсіресе қарт кісілермен осы тақырыпта сөйлесіп, оларды ескертіп отырыңыз. Қауіпсіз қоғам құру – тек полицияның емес, бүкіл халықтың қолында. Ақпараттық технология дәуірінде ақпаратты билеген емес, ақпаратты қорғай білген адам ғана ұтады.**

Мерей ШӘКРАТ

## UAE SWAT Challenge – 2026

**«UAE SWAT Challenge 2026» халықаралық байқауында ел намысын абыроймен қорғап, көк туымызды желбіреткен мамандардың еңбегі еленіп, Астана қаласы полиция департаментінде марапатталды.**

Елордадағы Жылдам қимылдайтын арнайы жасақ қызметкерлері Айнагүл Байжігітова мен Мәдірхан Атанай «Kazakhstan Tomiris» әйелдер құрамасында өнер көрсетіп, әйелдер командалары арасында I орын иеленді. Сондай-ақ полиция қызметкері Елдос Сартай «Kazakhstan C» ерлер командасының құрамында қатысып, I орынға қол жеткізді.

үшін іс-шараға Астана қаласы әкімінің орынбасары Ерік Мейірхан қатысып, елордалық полициялардың халықаралық аренадағы жетістіктері – ерекше мақтаныш әрі қазақстандық құқық қорғау органдарының жоғары дайындық деңгейінің айқын дәлелі екенін атап өтті.

Астана қаласының ПД бастығы Марат Төлебаев қызметкерлерді лайықты нәтижелерімен құттықтап,



олардың кәсібилігі мен қызметке деген адалдығын ерекше атап өтті.

Салтанатты жиында жеңімпаздарға қала әкімі атынан Алғы хаттар табысты, сондай-ақ жеңімпаздар Департамент басшылығы атынан бағалы сыйлықтарды иеленді.

Бұл сайыстың нәтижелері – елордалық бөлімшелердің жоғары дайындық деңгейін және еліміздің халықаралық деңгейде лайықты таныстырылуын айқындайтын көрсеткіштердің бірі.

Ақпарат gov.kz сайтынан алынды

# БАЙҚОҢЫРДЫҢ ЖЕРІ ҚАЗАҚҚА ҚАЙТАРЫЛАДЫ

Байқоңыр – ерекше мәртебеге ие, жалғалы жағдайында жұмыс істейтін Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық бірлігі. Осы бірегей статус қаланың тыныс-тіршілігін өзгеше сипатқа бөлеп, даму үдерісін де айрықша үйлесіммен жүргізуді талап етеді. Соған қарамастан, Қызылорда облыстық әкімдігі мен қала әкімшілігінің бірлескен жұмысының нәтижесінде жыл бойы негізгі салаларда оң динамика сақталып, мәдени, әлеуметтік және экономикалық бағыттарда нақты нәтижелерге қол жеткізілген. Бұл туралы Қызылорда облысы әкімінің орынбасары, ҚР Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілі Қайрат Нұртай өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында айтып берді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қолдауымен Байқоңыр қаласының, сондай-ақ іргелес Төретам мен Ақай елді мекендерінің әлеуметтік-экономикалық дамуына ерекше мән беріліп отыр. Қаланы дамытудың ұзақ мерзімді бағдарламасы тұрақтылықты қамтамасыз етуге және тұрғындардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған.

Бүгінде Байқоңырда 54,3 мың адам тіркелген. Оның 71%-ы – Қазақстан азаматы, 26%-ы – Ресей Федерациясының, ал 3%-ы – өзге мемлекеттердің азаматы. Қаладағы жұмыссыздық деңгейі 1,3%-ды құрайды. Ғарыш саласы мен қала әкімшілігіне қарасты кәсіпорындарда 10 мыңға жуық қазақстандық еңбек етеді. Жыл ішінде 336 адам тұрақты жұмыс орындарына орналастырылса, «Бастау бизнес» жобасы арқылы 19 тұрғынға 29,8 млн теңге көлемінде өтеусіз грант берілді. Бұл қаражат шаштараз қызметі, шағын типография, таза су өндіру, медициналық тексеру кабинеттері мен жартылай фабрика өнімдерін дайындау секілді бастамаларға бағытталды.

Денсаулық сақтау саласында мемлекетаралық келісім негізінде қазақстандық және ресейлік медициналық ұйымдар қызмет көрсетеді. 2016 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан көп бейінді ауруханаға 39 717 тұрғын тіркелген. Материалдық-техникалық база жаңартылып, 806 миллион теңгеге заманауи құрал-жабдықтар алынған. Сондай-ақ аурухана жанынан гемодиализ орталығы ашылып, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға қолайлы жағдай жасалды.

Білім беру жүйесінде 12 мектеп, оның бесеуі – қазақстандық білім стандарты бойынша жұмыс істейді. Жыл соңына дейін бұл тізім тағы бір мектеппен толысқақ. Жалпы 7 390 оқушы білім алады. Қазақстан стандартындағы бес балабақшада 1100 бала тәрбиеленуде.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласында да ілгерілеу бар.

– Бүгінде Байқоңыр қаласының тұрғын үй қоры 351 көпбөлімді тұрғын үйді құрайды. Онда 20 684 пәтер орналасқан, жалпы алаңы 1 124,3 мың шаршы метр. Қаланың ерекше мәртебесін ескере отырып, тұрғын үй мәселесін кезең-кезеңімен шешу бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде.

Осы мақсатта Қызылорда облысының әкімдігі 2019 жылы «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы аясында 50 пәтерлі бес тұрғын үйдің құрылысын аяқтап, пайдалануға берді. Бұл – баспана кезегінде тұрған азаматтар үшін нақты қолдау болғаны сөзсіз.

Сонымен қатар қала аумағында жаңа 7 «А» шағын ауданы қалыптастырылды. Аталған ауданда осы жылдың қаңтар айында тағы да 50 пәтерлі бес тұрғын үйдің құрылысы толық аяқталып, облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен өткен салтанатты рәсімде жаңа қоныс иелеріне пәтер кілті табысталды.

Бұл қадамдар қала тұрғындарын баспанамен қамту ісінде оң серпін бар екенін көрсетеді. Дегенмен тұрғын үйге деген сұраныс әлі де өзекті және алдағы кезеңде бұл бағыттағы жұмыстар жалғасын табады, – дейді облыс әкімінің орынбасары.

Тұрғын үймен қатар, коммуналдық инфрақұрылымды жаңғырту мәселесіне де айрықша көңіл бөлінуде. 2019 жылғы 3 сәуірде Москва қаласында қол қойылған «Байқоңыр» кешенін газбен жабдықтау туралы келісімге сәйкес, қаланың тұрғын үй қоры толықтай газдандырылды. Сондай-ақ қалаға іргелес орналасқан Төретам және Ақай елді мекендері де табиғи газбен толық қамтамасыз етілді.

Қазір қала әкімшілігі тарапынан «Байқоңырэнерго» кәсіпорнының жылу электр орталығын мазуттан табиғи газға көшіру жұмыстары жүргізілуде. Жалпы орталықта 15 қазандық бар: оның 12-сі – энергетикалық, 3-еуі – су жылыту қазандықтары. Су жылыту қазандықтары

көшірілді. Жобаны 2027 жылы аяқтау жоспарланып отыр. Бұл өз кезегінде жылумен қамту жүйесінің тұрақтылығын арттырып қана қоймай, жылу энергиясы тарифтерінің өсуін тежеуге мүмкіндік береді.

Сонымен бірге сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін жаңғырту жобасы жүзеге асырылуда. Жоба аясында 94,6 шақырым су құбыры мен 84,6 шақырым кәріз желілерін ауыстыру көзделген.

Туризм – экономиканы әртарапандырудың маңызды бағыты. 2029 жылға дейінгі тұжырымдама бекітіліп, бірқатар тарихи нысандар жалдан шығарылды. «Гагарин старты», «Гагарин беседкасы», «Бұран» кешені секілді нысандар негізінде жаңа маршруттар ашылды. Ал ғарыш айлағы тарихында алғаш рет заманауи киіз үй үлгісіндегі қазақстандық бақылау пункті іске қосылды.

2025 жылы Байқоңыр қаласы мен ғарыш айлағының құрылғанына 70 жыл толды. Мерейтой Үкімет деңгейінде атап өтіліп, бірқатар инфрақұрылымдық және мәдени жобалар қолға алынды. Ашық аспан астындағы музей ашу, орталық алаңды жаңғырту – сол ігі бастамалардың қатарында.

Ал ең маңызды жаңалықтардың бірі – ғарыш айлағындағы игерілмей жатқан 200 гектар жердің Қазақстанның меншігіне қайтарылуы. Бұл – тек аумақтық өзгеріс емес, болашаққа жасалған стратегиялық қадам. Сонымен қатар «Бәйтерек» ғарыштық зымыран кешені жобасы белсенді кезеңге өтіп, 170 мың гектарға жуық жерді жалдан шығару жұмыстары аяқталуға жақын. Ауыл



шаруашылығы қажеттілігі үшін пайдаланылмай жатқан шамамен 28 мың гектар жерді қайтару мәселесі де қаралуда.

Қорлан САРПЫ

тырылды. Ашық онлайн курстар, гранттық бағдарламалар, академиялық алмасулар – мұның бәрі қазақстандық ұстаздар мен студенттерге қолжетімді екені айтылды.

Бұл – екі ел арасындағы мәдени-гуманитарлық байланыстың нақты жемісі. Тіл үйрену арқылы тек грамматиканы меңгермейсіз, өзге мәдениетті түсінеміз, дүниетанымды кеңейтеміз.

Берілген мүмкіндіктерді пайдалансақ, шет тілді меңгеріп қана қоймай, АҚШ компанияларында жұмыс істеп, екі ел арасындағы қарым-қатынасты нығайтуға үлес қосарымыз анық.

«Fulbright TEA» – ұстаздарға үлкен мүмкіндік

Семинар аясында 2026-2027 жылдарға арналған Fulbright Teaching Excellence and Achievement (TEA) бағдарламасы да таныстырылды. Бұл бағдарлама – орта мектеп мұғалімдеріне алты апта бойы АҚШ университеттерінде академиялық семинарларға қатысып, жергілікті мектептерде тәжірибе алмасуға мүмкіндік беретін халықаралық жоба. Бағдарлама туралы Ағылшын тілі жобаларының үйлестірушісі Нұргүл Жаңабасва түсіндіріп берді.

Басы 1-бетте

Кемшіні тұстарымыз бар...

Осы орайда Қызылорда қаласында өткен KET Kyzylorda Teachers of English ассоциациясының ұйымдастыруымен өткен семинар жай ғана әдістемелік жиын емес, Қазақстан мен Америка Құрама Штаттары арасындағы білім саласындағы ынтымақтастықтың нақты көрінісіне айналды. Бұл басқосу тіл үйретудің жаңа мүмкіндіктерін ашып қана қоймай, ұстаз бен шәкірттің көзкінегі кеңейтетін, кәсіби серпіліске бастайтын алаңға айналды.

Шараға Америка Құрама Штаттарының Алматы қаласындағы Бас консулдың өкілдері арнайы қатысып, Қоғаммен байланыс жөніндегі бөлім

Алайда халықаралық тәжірибемен салыстырғанда, қазақстандық мамандардың зерттеу мәдениетінде әлсіз тұстар бар екені жасырын емес. Әсіресе академиялық адалдық мәселесі өткір күйінде қалып отыр. Дайын материалды ақшаға сатып ала салу, өзгенің еңбегін көшіру, интернеттегі мәтіндерді өңін өзгертіп өткізу секілді ғылымның сапасына көлнеке түсіретін әрекеттер баяғыдан бар. Мұндай үрдіс қысқа мерзімде жеңіл жол болып көрінгенімен, ұзақ мерзімде кәсіби құзыреттілікті

## АҒЫЛШЫН ТІЛІ ӘЛЕМГЕ ЕСІК АШАДЫ

басшысының орынбасары Деже Холмс ағылшын тілін оқытудағы заманауи үрдістер туралы пікір білдірді. Ал воркшоптың негізгі спикері – Fulbright Program аясында келген маман, Fulbright Specialist доктор Джули Саррис.

ЖИ және ағылшын тілі

Семинардың өзекті тақырыбы – жасанды интеллекті (ЖИ) білім беру үдерісінде тиімді қолдану. Бүгінде ЖИ-дің мүмкіндігі мол. Алайда оны қалай пайдалану керек екені ұстаздар қауымы үшін әлі түсініксіз.

Осы ретте доктор Джули Саррис оқытушыларға ЖИ құралдарын орынды қолданудың жолдарын көрсетті. Әсіресе жазбаша ағылшын тілін жетілдіруде дұрыс құрылған промттың маңызы ерекше екеніне тоқталды. Жай ғана тапсырманы орындату емес, ойды дамытуға, стильді түзетуге, академиялық сауатты арттыруға бағытталған сұраныстарды құрастыру тәсілдері нақты мысалдар арқылы түсіндірілді.

– Қазір көпшілік ЖИ-ді толық тапсырманы орындау үшін пайдаланады. Мұндай жағдайда білім сапасының төмендейтіні анық. Ал біз ЖИ-дің игілігін дұрыс пайдаланып, оқушылардың өздігінен үйренуіне жол ашуымыз керек.

әлсіретіп, ұлттық ғылыми әлеуеттің дамуын тежері анық. Нағыз зерттеу – уақыт пен табандылықты, сыни ойлауды, тілдік сауаттылықты талап етеді. Сондықтан академиялық мәдениетті күшейту, ғылыми жазу дағдысын дамыту және адал еңбекті насихаттау – бүгінгі білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі.

– Кейбір студенттер жобаларын аяқтап, ғылыми журналдарға жариялауға дайын отыр. Олардың зерттеу дағдылары жақсы қалыптасқан. Ал кейбірі – зерттеу жолына енді түскен жас ізденушілер. Бірақ бір ай ішінде олардың барлығы зерттеу қабілетін айтарлықтай жақсартты, – деді Джули Саррис.

Воркшоп барысында қатысушылар топтық жұмыстар орындап, түрлі практикалық тапсырмалар арқылы жаңа білімді бірден тәжірибеде сынап көрді. Қала мектептерінің мұғалімдері мен жоғары оқу орындарының студенттері еркін пікір алмасып, кәсіби желі қалыптастыруға мүмкіндік алды.

АҚШ дипломатиялық миссиясының білім ресурстары

Семинарда АҚШ дипломатиялық миссиясының ағылшын тіліне арналған білім беру ресурстары кеңінен таныс-

Бағдарлама кәсіби дамуға, жаңа әдістемелерді меңгеруге, білім алушыға бағытталған оқытуды жетілдіруге бағытталған. Қатысушылар кемінде 40 сағаттық практикалық тәжірибеден өтіп, түрлі іс-шараға қатысады.

Үміткерлер кәсіби жетістігі, көшбасшылық қабілеті, педагогикалық тәжірибесі негізінде іріктеледі. Құжаттар онлайн қабилданады, жартылай финалистер TOEFL iBT тестін тегін тапсыру мүмкіндігіне ие болады. Бағдарлама толықтай АҚШ тарапынан қаржыландырылады: халықаралық билет, тұру, тамақтану, шәкіртақы, медициналық сақтандыру – барлығы қамтылған.

Түйіндейтін болсақ, ағылшын тілі – тек пән емес, болашаққа апарар көпір. Ғылымға, технологияға, халықаралық байланысқа, кәсіби өсуге бастайтын жол – тіл арқылы ашылады.

Қазақстан мен Америка арасындағы білім саласындағы ынтымақтастық – бір реттік шара емес, ұзақмерзімді серіктестік. Осындай бастамалар аймақтарда жиі ұйымдастырылса, тіл білетін, көзкінегі кең, бәсекеге қабілетті жас буын қалыптасары сөзсіз.

Нұршат НЫШАНОВА



## МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ТІРЕГІ

Қазақ тілі – тегеуріні мықты, бай тіл. Бабамыздан мирас болып келе жатқан ана тілімізді көзіміздің қарашығындай сақтауымыз керек. Алайда ел арасында тілді шұбарлап сөйлеп, өзге тілмен араластырып қолданатындарды көргенде бойыңды намыс билейді. Өз тіліне құрметі жоқ жандардың өзіне де құрметі жоқ дер едім...

сүтімен бойымызға дарыған ана тілімізді кенже дамып келеді деуге де негіз жоқ. Себебі тәуелсіз елімізде егемендік алғалы төл тіліміздің тұғырлы болуы үшін көп жұмыс атқарылды. Мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту мен тілге деген құрметті арттыру мақсатында көптеген мемлекеттік бағдарлама мен іс-шара ұйымдастырылып жүр. Нәтижелері де көз қуантарлық десек, артық айтқандық емес.

Қорыта келе, тәуелсіздік алған 35 жылдың ішінде еліміз алдыңғы қатарлы мемлекеттердің қатарына қосылды. Бұл – мақтанарлық жағдай. Тәуелсіздікті аңсап жүрген мемлекеттер де бар. Әлемде егемендігі бола тұра, өз тілінде сөйлей алмайтын жұрттар да бар. Оның қасында біз тәуелсіз еліміз бар, өз мемлекеттік тіліміз бар, өз шекарасы бар ел екенімізді мақтан етуіміз керек. Бастағы бақтың мәңгі сақталуы – әр адамның, әр қазақтың тікелей өзіне, сана-сезіміне байланысты екенін ұмытпағанымыз жөн. Себебі, елге, тұтас ұлтқа жөн сілтеу үшін ең алдымен, әркім өзі тілін, тілін шексіз сүюі керек. Сол тілін тұғырлы болуы үшін титімдей болсын үлес қосуы керек. Сонда ғана шоқтығы биік тәуелсіздігіміз мәңгі болмақ!

Әсем БАЙБОЛОВА,  
Т.Есетов атындағы  
№264 мектеп-лицейінің  
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің  
мұғалімі



# ТЫЛСЫМҒА ТОЛЫ МЕКЕНДЕР: ТАБИҒАТ ПЕН ТАРИХ ҚҰПИЯСЫ

## Ақмешіт үңгірі – табиғаттың тылсым туындысы

Қазақ даласы табиғи ғажайыптарға толы. Солардың ішінде адамды бір көргеннен-ақ тылсымына тартып әкететін, сыры мен сымбаты үйлескен ерекше нысандардың бірі – Ақмешіт үңгірі. Оңтүстік Қазақстан облысы, Бәйдібек ауданы аумағында, Шымкент қаласынан шамамен 90 шақырымдай қашықтықта орналасқан бұл мекен табиғат пен тарих тоғысқан, аңызға толы ерекше нысан. Өлке тұрғындары оны көнеден келе жатқан тарихи қастерлі орын ретінде құрметтейді, ал кейінгі жылдары үңгір жалпыұлттық қасиетті орындар қатарына іліккен. Сондай-ақ ол көлемі мен құрылымы жағынан Орталық Азиядағы ең ірі табиғи үңгірлердің бірі саналады екен.

Ақмешіт үңгірінің басты ерекшелігі оның алып көлемінде. Үңгір ішіндегі кеңістік футбол алаңындай үлкен, ал биіктігі 25-30 метрге дейін жетеді. Ішке кірген адам өзін жерасты сарайында тұрғандай сезінеді. Төбеден түсетін жарық үңгір ішін жұмбақ сәулеге бөлеп, ерекше атмосфера қалыптастырады.

Халық арасында үңгірдің «Ақмешіт» деп аталуы да тегін емес көрінеді. Ішкі кеңістігінің күмбезге ұқсас болуы, жарықтың жоғарыдан түсуі оны мешітке ұқсатады. Көне замандарда жергілікті тұрғындар бұл жерді қасиетті орын санаған деген аңыз-әңгімелер де жиі кездеседі.

Ғалымдар үңгірді зерттеп, оның әктасты жыныстар қабатының ойылуынан пайда болғанын анықтаған. Тіпті кейде аңдап қараған адамға үңгірдің саңылауы киіз үйдің шаңырағы сияқты көрінеді. Үңгір ішінде ұзындығы 7-8 метрлік үлкен жол-жырық бар. Зиярат етушілер осы жол арқылы түсіп, өз армандары мен дұғатілектерін Жаратушыға арнайды. Бұл дәстүр қашан басталғаны белгісіз, бірақ халық арасында бұл үңгірді мешіт тәрізді қасиетті орын болған деген әңгіме көп айтылады.

Жергілікті өлкетанушылардың айтуынша, үңгірге сырттан кіретін құпия жолдар болған. Десе де екі ғасыр бұрын жер сілкінісі салдарынан мешіт күмбезінің бір бөлігі опырылып, үңгірде үлкен саңылау пайда болған. Сол себепті бұрынғы құпия жолдар жабылып қалған көрінеді.

Ғылыми тұрғыдан алғанда, Ақмешіт үңгірі әлі күнге дейін геологтар тарапынан үлкен қызығушылық туғызып отыр. Мұнда жерасты микроклиматы, жыныс қабаттарының құрылымы, табиғи дыбыс жаңғырығы секілді бірегей құбылыстар бар. Үңгірді арнайы биолокациялық құралдармен тексергенде, адам денсаулығына кері әсер ететін геомагниттік толқындар жоқ екені анықталған. Яғни Ақмешіт үңгірінде адам ағзасына зиян келтіретін энергия жоқ, керісінше, жанға тыныштық пен жайлылық сыйлайды.

Үңгірдің ішіндегі ауа қашанда жайлы деседі келушілер. Жазда даладағы ыстық 40 градустан асса да, үңгір ішінде 17-19 градус шамасында жайлы температура сақталады. Үңгір төбесінен мөлдір тамшылар үзіліп тамады, жергілікті халық бұл құбылысты «Ақ молданың көз жасы» деп атайды. Осы су тамшылары мұндағы өсімдіктерге өмір сыйлайды.

Халық арасында мынадай да аңыздар кездеседі. Бір кездері үңгірде алып айдаһар өмір сүріпті. Ол қараша халықтың мал-мүлкін жеп кетуді жиілеткен соң амалы таусылған ел

үңгірге барғанда қауіпсіздік талаптарын сақтаудың маңызын ескертеді, себебі табиғи нысан болғандықтан, оның ішінде арнайы инфрақұрылым толық дамымаған.

Ақмешіт үңгірі – тек табиғи феномен емес. Ол аңыз, тарих, табиғат пен сенімнің тоғысқан нүктесі, табиғаттың адам қолы жетпес шеберлігінің дәлелі. Зиярат етушілер мұнда келіп, табиғат сұлулығына таң қалып, біреу уақытқа рухани тыныштық табады. Аңыздар мен әңгімелер үңгірдің әр тасында, әр тамшысында құпия күш пен тылсым барын еске салады.

## Торыш алқабы – тас шарлар мекені

Қазақстанның батысында, Маңғыстау түбегінің қуаң да қатал табиғаты аясында адам ақылына сыймайтындей бір құбылыс бар. Ол – Торыш алқабы. Халық арасында бұл жер «Шарлар алқабы» деген атаумен кең таралған. Жер бетіне шашылып жатқан алып домалақ тастар бір қарағанның ақ адамды таңданыс пен күмәнге қалдырады. Оларды табиғат жаратты ма, әлде белгісіз бір өркениеттің ізі ме?



Торыш алқабы Маңғыстау облысының Қаракия және Маңғыстау аудандарының шекарасына жақын аумақта орналасқан. Бұл жерде көлемі бірнеше сантиметрден бастап, диаметрі 3-4 метрге дейін жететін мыңдаған тас шарлар бар. Кейбірі қолдан тегістегендей мінсіз дөңгелек болса, енді бірі жартылай бөлінген, қабат-қабат құрылыммен көзге түседі.

Алқаптың бір ерекшелігі, тас шарлардың белгілі бір тәртіппен емес, бей-берекет шашылып жатуы. Осы жайт олардың шығу тегі туралы сан түрлі болжамның тууына себеп болған.

Ғалымдар Торыш алқабындағы тас шарларды «конкреция» деп атайды. Бұл миллиондаған жыл бұрын теңіз түбінде шөгінді жыныстардың ортасына минералдардың жиналуы нәтижесінде түзілген геологиялық құрылым. Уақыт өте жыныс қабаттары мүжіліп, ал ең тығыз бөлігі домалақ тас шарлар жер бетіне шығып қалған.

Алайда бұл ғылыми түсінік көпшілік үшін әлі де толық сенім тудыра қойған жоқ. Себебі кей шарлардың мінсіз пішіні, ішкі құрылымының қабат-қабат болуы, тіпті кейде «тігіс» ізіне ұқсас сызықтардың кездесуі адамдарды басқаша ойға жетелейді.



Ақмешіт әулиеден көмек сұрапты. Ақмешіт әулие тылсым білімнің күшімен айдаһарды жеңген деседі. Өмірінің соңында мүрдесін үңгірге жерлеуін өтініп, сол жер «Ақмешіт үңгірі» деп аталып кеткен деседі жергілікті тұрғындар.

Тағы бір аңызға сүйенсек, ертеде үңгірде жамағат жиналып намаз оқытын, құлшылық жасайтын мешіт болған. Үлкен саңылау арқылы адамдар ішке кіріп, өз дұғаларын орындаған. Осы оқиғалар халық жадында рухани береке мен қасиеттілік белгісі ретінде сақталған. Әрине бұл деректің ғылыми дәлелі жоқ, бірақ үңгірдің ерекше тыныштығы мен кеңдігі адамның ойына түрлі әсер сыйлайтыны анық.

Кейінгі жылдары Ақмешіт үңгірі ішкі туризмнің маңызды нысандарына айналып келеді. Табиғат аясында демалу, тарихи-танымдық сапарларды ұнататын жандар үшін бұл жер таптырмас бағыт. Алайда мамандар

Иә, халық арасында Торыш алқабына қатысты аңыз-әңгіме аз емес. Бірі бұл шарларды ежелгі алыптардың қаруы десе, енді бірі аспаннан түскен метеориттер деп болжайды. Кейбіреулер бұл мекенде ерекше энергетика барын, ұзақ жүрген адам өзін өзгеше сезінетінін айтады. Әсіресе күн батар шақта тас шарлардың көлеңкесі ұзарып, айналаға тылсым тыныштық орнағанда, алқап мүлде басқа әлемге ұқсап кетеді. Осы сәттер Торышты мистикалық мекен ретінде таныта түсетіні анық.

Кейінгі жылдары Торыш алқабы отандық және шетелдік туристердің қызығушылығын арттыра бастады. Фотографтар, саяхатшы-блогерлер, зерттеушілер бұл жерді «ашық аспан астындағы табиғи музей» деп атайды. Дегенмен мамандар тас шарларды орнынан қозғауға, сындыруға немесе алып кетуге болмайтынын ескертеді. Бұл табиғи мұра, оны сақтау баршаға

ортақ міндет. Торыш алқабы – тек геологиялық құбылыс емес. Ол адамға уақыттың қаншалықты терең, табиғаттың қаншалықты құдіретті екенін үнсіз еске салып тұрғандай. Мыңдаған жыл бойы өзгермей жатқан тас шарлар адамзаттың өткінішілігін, ал табиғаттың мәңгілік екенін тағы бір еске салады.

## Ғайып Ерен Қырық Шілтен

Нұх пайғамбардың кемесі қалған Қазығұрт тауы қалың қазаққа мәлім. Дәл осы тау баурайындағы киелі деп саналатын орындарының бірі – Ғайып Ерен Қырық Шілтен. Бұл мекен табиғат пен аңыздың, ғылым мен сенімнің бірегей үйлесімін көрсетеді. Мұнда биіктігі

Сондай-ақ мұнда үш бұлақ бар, әрқайсысының дәмі мен емдік қасиеті әртүрлі. Бірі іш ауруларына ем болса, екіншісі көз ауруларына, ал үшіншісі құлақ ауруларына пайдалы деп айтылады.

«Ғайып Ерен Қырық Шілтен» атауы үш тілдің қоспасынан құралған. «Ғайып» – араб тілінен, «көзден таса, жоқ болу» деген мағынаны білдіреді. «Ерен» – көне түркі тілінен алынған, «ер, ерекше, қасиетті» деген ұғым болса, ал «Қырық Шілтен» – парсы тілінен, «қырық тән немесе қырық күш» дегенді білдіреді екен. Сол себепті жер атауы өзінің рухани мәнін, құдіретін және тарихи аңыздарын бірден көрсетеді.

Ғайып Ерен Қырық Шілтен тек табиғи феномен ғана емес, халық жадында рухани күштің, сенімнің, адалдықтың және батаның мекені ретінде қалған киелі орын. Бұл жерге келген әрбір адам тек ғажайып табиғатты тамашалап қана қоймай, рухани әсер мен тарихи аңыздарға куә болары анық.

## Айғайқұм: Алтынемелдің тылсым құм төбесі

Қазақстанның көрікті табиғаты мен тылсым мекендерінің бірі – Алтынемел ұлттық паркі. Ел аңызында айтылғандай, осы аймақтың атауын Шыңғыс хан өзі қойған деседі. Бүгінде Алтынемел тек табиғат сұлулығымен ғана емес, сондай-ақ құпиялы құм төбесі – Айғайқұммен де танымал.

Айғайқұм – жай төбе емес, ерекше құм жотасы. Ол Үлкен Қалқан мен Кіші Қалқан тауларының ортасында орналасқан, биіктігі 150 метрге жетеді, ал ұзындығы 3 шақырымға созылады. Кәдімгі құм төбелерден ерекшелігі – оның өзіне тән дыбысы мен тылсым атмосферасы.


Айғайқұмның атауы айтқандай, бұл төбеден ерекше дыбыс естіледі. Аңыз бойынша, дыбыс бірнеше шақырым қашықтыққа таралады, тіпті жердің дірілдеуіне әсер етеді деседі. Біреулердің сенімінше, құм төбенің астында Шыңғыс хан көмілген деген аңыз бар, бірақ ол әлі табылған жоқ. Басқалары бұл құбылысты табиғатпен байланыстырады. Мысалы Құдайдан қорыққан шайтан құм астына тығылып, қайта шығуға талпынғанда осындай дыбыс пайда болады деп сенетін көрінеді.

Айғайқұмның дыбысы мен ерекше қалыптасуы тек аңыз емес, ғылыми тұрғыдан да түсіндіріледі. Құм төбенің қалыптасуы Қалқан тауларынан соғатын желдің бағыты үнемі өзгеріп тұруының нәтижесі. Бұл құм түйіршіктерінен елеу арқылы үлкен жота пайда болуына себепші болады. Ал дыбыс шығуы – құм жел әсерінен қозғалғанда пайда болады екен. Кейде ол ұшақтың гүріліне ұқсас дыбысқа айналады. Әсіресе түнде, шығыстан салқын жел соққанда дыбыс айқын естіледі. Сонымен қатар адам төбе басына шығып, құмға отырып сырғанаса, дыбыс шығады деген құбылыс та бар.


Кең далада мұндай үлкен құм төбенің ерекшеленуі көңілге көп сұрақ ұялатады. Алайда бұл тек табиғаттың кереметі ғана емес, аңыздар мен мистикалық сенімдермен үйлескен ерекше мекен. Айғайқұмды көрген әр адам оның тылсымдық энергиясын сезініп, таңқалып қайтады. Мұнда жел мен құм және кең дала ерекше дыбыс пен көрініс жасап, адамдарға тылсым әрі әсерлі тәжірибе сыйлайды. Алтынемел ұлттық паркіне саяхат жасағандар үшін «Айғайқұм» баруға міндетті саналатын орындардың бірі.

Қазақ жерінде талайды таң қалдырап табиғат тылсымдары мен киелі мекендер көптеп кездеседі. Тіпті еліміздегі кез келген елді-мекеннің тарихына үңіле қалсаңыз, таңғажайып аңыз әңгімелерге қанығасыз. Бүгінгі мақаламызда төрт түрлі тылсым мекенді таныстырып өттік. Мұндай мекендерді танып-білу ұлттық жадымызды жаңғыртып, рухани құндылықтарымызды сақтаудың басты тірегі болып қала бермек.

А.ОРАЛБАЙ



Суреттер ашық дөрекекөзден алынды



Қолға қалам алып, ішкі толғанысыңды өлеңмен білдіру үшін міндетті түрде атақты ақын, белгілі жазушы болуың шарт емес. Алыс ауылдарда том-том өлең жазып қойып, танылмай жүрген таланттар көп. Ондайда қазақтың «Ел іші – өнер кеніші» деген сөзі ойға келеді. Редакциямызға осындай талантты жандардан көптеген хат келіп түседі.

Біз осы бетті қарапайым өмірдің өрнегін өлеңмен өріп жүрген жандарға арнауды жөн көрдік. Бірінің өлеңінен іңкәр сезімді, тағы бірінен ұлтқа деген ұлы махаббатты, енді бірінен жай ғана қарапайым ауылдың бейнесі, қым-қуыт тіршілігі бейнеленген картинаны көре аласыз.

Редакциядан.

## Халқымыздың батыр қызы – Мәншүк!

Сұм соғыстың бұлты торлап аспанды,  
Жинап Отан ел қорғар ер, жастарды.  
Жерімізге басып кірген жауменен,  
Қиян-кескі, қырғын шайқас басталды.

Мәншүк сол жыл он тоғызға толғанып,  
Әскери хат – шақыртуын алғанын.  
Әке, «халық жауы» емесін дәлелдеп,  
Өз еркімен қан майданға барғанын.

Мекен етіп Мәншүк майдан даласын,  
Еске алып ыстық туған қаласын.  
Жақындатқан екі жақтың арасын,  
Хат жазды сағынғанда анасын!

«Ардақты да аяулы жан анашым,  
Хатымды алып бір қуанып қаласың.  
Ерлеріміз ерлікпенен шайқасты,  
Жаудан қорғап бүгін Ленин қаласын».

Көп күткен хат қуантады ананы,  
Мәншүгінен келген хат пен хабары.  
Моншағының хатын оқып көзінен,  
Сағыныштың ыстық жасы тамады.

Қызыл гүлім, қызыл күнім, моншағым,  
Сарғайтқан жыл анаңды сол сонша күн.  
Қаһарлы да қасиетті сұм соғыс,  
Ел басына солған қайғы, қанша мұң...

Мәншүк болды майдан алғы шебінде,  
Алып тұрды әрең Мәскеу демін де.  
Қиын-кескі, жан аямас соғыс боп,  
Жауды жеңді Сталинград жерінде.

Мәншүк жүрген жатыр майдан жолдары,  
Мекен болған қалың орыс орманы.  
Кескілескен жаумен қырғын шайқаста,  
Невель жерін жаныменен қорғайды.



Мәншүк Мәметова

Ержүрек қыз көріпті қан майданды,  
Пулемёттен естіліп үн айбарлы.  
Солқылдатып жауына оқ боратып,  
Қарсы тұрып, хас батырға айналды.

Мәншүк еді батыр қызы шығыстың,  
Ішінде боп талай шайқас-ұрыстың.  
Қорғап жаудан қаза болды жолында,  
Отан қорғау дейтін үлкен ұлы істің.

Жеңіс күнін тойлап жатыр ел бүгін,  
Нұрын төгіп тұрар мәңгі енді күн.  
Халқымыздың батыр қызы Мәншүктің,  
Ұмытпас ел естен кетпес ерлігін.

Еділік МЫРЗАХМЕТОВА



Мұқағали Мақатаев

## АРНАУ

Мұқағали – мұзбалақ жыр дүлдүлі,  
Қазағымның бағына туған күні.  
Жүректен шыққан әрбір сөзіменен  
Ақындықтың ең биік асқақ үні.

Өлеңмен тербеттіңіз даламызды,  
Емделіңіз жырлармен санамызды.  
Ұмытпаспыз мыңдаған жыл өтсе-дағы,  
Өзіңіздей отты, рухты атамызды.

Қарасыздан бастау алған жолыңыз,  
Хантәңірдің мұзындай бек болыңыз.  
«Ей, өмір!» деп еркелеп өтсеніз де,  
Арқасүйер ақиық тауымыз – сіз.

Махаббат, ана, Отан, достық жайлы,  
Жырларыңыз жүректерде алаулайды.  
Сіздің әрбір парағыңыз – сырлы әлем,  
Уақыт оның нұрына еш тонамайды.

Өзіңіз жоқсыз, бірақ жырыңыз тірі,  
Сіз біз үшін боласыз поэзия пірі.  
Аспаннан бізге қарап тұрғандайсыз,  
Қазақтың айнымайтын тектінің бірі.

Ғайни РАГИМОВА



ЖИ арқылы  
жасалған

## Қайырлы таң

Игі іс көп, қай бағытты алсаңыз да,  
Жақсы іспен айналысып шаршаныз да.  
Рамазан айы жақсы, құтты болсын,  
Қайырлы таң тілейміз баршанызға.

Қуанамыз таңмен нұр боп атқандарға,  
Адал еңбек дәмінен татқандарға.  
Алла үшін тілегі қабыл болсын,  
Ниет қып, ораза ұстап жатқандарға.

Айтылсын жақсы тілек, жақсы сөздер,  
Сан салада, не түрлі, көп қой кездер.  
Қолыңнан келгенінше жақсылық қып,  
Жақсы кісі болуға, сен де өзгер.

Ісінді жақсы атқар, ойға алған,  
Тау басын капеліміде қырау шалған.  
Жан жағына, жақсы оймен көңіліңді бұр,  
Зырғып өтіп кетеді, бес күн жалған.

Арманға қанат қағып, ұшсаң талмай,  
Көшке ілес, әбіржіп, жолда қалмай.  
Жақсы кісі болуға ұмтылған жөн,  
Ешкімнің көңіліне қаяу салмай.

## БЕЙСЕННІҢ БЕЙНЕСІ

Мықты жазба керек емес адамға,  
Ұғына алмас бұл сөзімді надан да.  
Жылап келген қоғам үшін ағамыз,  
Ақиқат деп шындық айтты алаңда.

Жақсыларым тұру керек биікте,  
Сана-сезім жетпес мәңгі күйікке.  
Ұнаттым ғой дегенді айтуға оңай,  
Жара салар жан кеудеге сүйіп те.

Бағаландар бес күн ғұмыр уақытты,  
Кірлетпендер қолыңдағы жақұтты.  
Қарекетпен жасаған еңбек жолда,  
Әрбір адам болуы керек бақытты.

Ұмытпайды оқырманың бейнесі,  
Қос ғашықтар күні бүгін үйленді.  
Ұнату мен махаббаттың жолында,  
Қосады Алла риясыз сүйгенді.

Жарияға жар салмадың атыңды,  
Болашақ жас оқуда ғой хатыңды.  
Сұм аждаһа келіп қалды әп-сәтте,  
Табыстырып жүргеніңде жақынды.



Бейсен Құранбек

Бұл әлемде көбейіпті надандар,  
Болашаққа адам аз ғой аландар.  
Қызды ұру болмасыншы бастысы,  
Уақыт жетті сөзімді де тәмамдар.

Табылады асыл сөзбен жарасым,  
Үзбегдерші сыйластықтың арасын.  
Ақ жүректі, асыл ағам бейнесі,  
Құрметтеуде мәңгілікке Алашын!

## Кітапхана – ұлттың қазынасы

Даналықтың іздеп жүрсен бұлағын,  
Кітап доссыз өтіп жатыр жыл ағым.  
Қажет заттың қайнар көзін іздесең,  
Кітапхана маманынан сұрағын.

Ашылмастан қанша кітап парағы,  
Біршамасы сауатсыз боп барады.  
Адамға емес, біз өкпелеп заманға,  
Көрінгенге жаба салып жаланы.

Тар болу да түйсік, ой мен санамыз,  
Қазақ тілі шұбарланды, қараңыз.  
Телефонмен жұбататын, жас ана,  
Кітап оқуға жетпеген бе, санаңыз?

Кітаппенен елім де көп ғұлама,  
«Кім бар еді?» деп қисынсыз сұрама.  
Әлеуметтік желі арқылы көсілген,  
Жас ұрпақтан ұлы әрекет шыға ма?

Кітапханаға барған едік жасқана,  
Біздер үшін бұл әрдайым баслана.  
Кезек-кезек әр бетіне көшкенде,  
Оқығанбыз көзімізден жас тама.


Ай ішімде талай қызған күйіктер,  
Махаббатты айтқан кезде кейіпкер.  
Сезім жанын көрсететін ұлы сөз,  
Көз алдымда сонау ғасыр биіктер.

Қара бастың қырсығынан тез айық,  
Кітап үшін күреспеген сөз – айып.  
Аз-ақ миллион қазақ едік өзіміз,  
Қаламыз-ау мәңгірт болып азайып.

Көрген дұрыс Құдай берген көзбенен,  
Не тәйірі құрғақ ауыз сөз деген?  
«Кітап оқы!» деген жарыс жиірек,  
Болсын деген ақ ниетті көздегем.

Қарқынменен сезімге жол жағындар,  
Барлығы да ойдан өткен сағымдар.  
Жұмбақ әлем – әр кітаптың тарауы,  
Сондықтан да жиі есігін қағындар!

Назерке ҚАЛЖИГІТ



## АУЫЛ ІШІ

Ертең шығар, көк шалғынды көрпесі,  
Әр адамға қымбат туған өлкесі.  
Жақсы жерлер сақталады жадында,  
Төгіледі оған сөздің серкесі.

Туған жер сол адамдардың мақтаны,  
Еленбейді суықта жер қатқаны.  
Бірін-бірі кездескенде жібермей,  
Жарасалды қауқылдасып жатқаны.

Күріш еккен ұстап, талай кетпенді,  
Кісілер көп түртіп көрсен өткенді.  
Басқалар да, мен де қадір тұтамын,  
Түзу жүріп, адал еңбек еткенді.

Еңбек еткен өзім және балам да,  
Бәрі қызық еңбек еткен саламда.  
Көктем шыға жұмыс қыза бастайды,  
Гүрілдеген, дірілдеген даламда.



Бүлінбесін кішкентай да мүйісі,  
Жайландырған несібеден тиісі.  
Ауылымды асқақтатып тұрмай ма,  
Шокқа піскен тапа нанның иісі.

Кімдері болсын мейлі жұпыны,  
Жақын тартар жүрегінің лүпілі.  
Көңілімізге құт ,береке әкелер,  
Түзу шыққан әрбір үйдің түтіні.

Көп жұмысты артып, ерте азанға,  
Сиыр сауып, сүт пісірген қазанға.  
Мұз астынан ебін тауып алып жүр,  
Дариясы толған балық, сазанға.

Ақыл қосар, әрбір болған жиыны,  
Елді сүйем, айтар ойдың түйіні.  
Ардақ тұтқан өз ауылым өйткені,  
Мақтай берем келсе әрбір иіні.

Күші жетпес, менің берген бағамның,  
Сөздеріне мейірімді адамның.  
Әрқайсысы пісіп, қайнап жетілген,  
Берілмейді ықпалына заманның.

Демес ешкім ойнап, күлмей өспедік,  
Бала болып арық суын кешпедік.  
Сақталады ауылымның ішінде,  
Жастық шақтан, әп-әдемі естелік.

Байрон ЕСЕНБАЙ



Суреттер ашық дереккөзден алынды

# АРЫҚТАЙМЫН ДЕП АРТЫҚ КЕТПЕҢІЗ

Басы 1-бетте

Әлемде ересектердің шамамен 16%-ында артық салмақ бар. Диетологтар бүгінде адамның қозғалысы азайғанын, дене белсенділігінің төмендегенін жиі айтады. Әрі фастфуд, кант пен майға бай тағамдардың қолжетімділігі артқан. Оған қоса, газдалған сусын мен тәттіні шамадан тыс тұтыну да семіздікке әкеледі. Үшіншіден, психологиялық факторлар да ескерусіз қалмау керек. Қазір күйзеліс, уайым, және эмоциялық тұрақсыздық жиі кездеседі. Мұндай жағдайда стрессті тамақпен басатын тәсіл де бар. Ол әрине, артық салмақ жинауға әкеледі.

Әлқиссада «бір айда - 20 келі», «сымбатты мүсін» деп іліп әкететіндер жайлы айтып қалдық қой... Иә, жалпы мұндай көрсеткішке жетуге болатынын жоққа шығармаймыз. Бірақ көлденеу тасалап тұрған бір әттеген-ай бар екенін ескерген жөн.

Эндокринолог-дәрігер Бибінұр Кетебаевамен осы мәселе төңірегінде сұхбаттасып, сауалға жауап алдық. Маманның айтуынша, салмақ тастауға байланысты бірнәрсені бекітілген стандарт жоқ. Әр ағзаның физиологиялық ерекшелігі, бастапқы салмағы, жас мөлшері, созылмалы аурулары әртүрлі. Сондықтан жылдам нәтиже қуалау – ең үлкен қателіктің бірі.


– Салмақты азайту процесі біршама уақытты талап етеді. Жылына орта есеппен 3-7 килограмм төмендету ағзаға зиян келтірмейді, ал қысқа мерзімде 20-30 келіге дейін арықтау үлкен стресс екенін ескерген жөн. Сондықтан салмақты ақырындап азайту қажет, – дейді дәрігер.

Ал қысқа уақытта күрт арықтау гормондық жүйеге әсер етеді. Кортизол деңгейі жоғарылауы мүмкін. Қалқанша безінің жұмысы баяулайды. Қазақ диета электролит теңгерімін бұзып, калий мен натрий тапшылығына соқтыруы ықтимал. Ал бұл жүрек ырғағының бұзылуына, бас айналу мен әлсіздіктің бір себебі болмақ. Қан қысымының тұрақсыздығы, өт қабында тас түзілу қаупі де артады. Кей жағдайда салмақ жылдам түскенімен, кейін екі еселеніп қайта қосылуы да мүмкін. Тағы бір

Molecule Plus препаратын қабылдаған отыз жастағы маңғыстаулық келіншектің өлім аузынан аман қалғаны естеріңізде болар. «Дәрінің салдары жүрекке әсер етті деген тұжырымға келдік. Себебі арықтатуға арналған дәрінің құрамында «сIBUTрамин» деген зиянды зат бар. Бұл дәрі жүрек-қан тамыр жүйесінің әлсіздігіне алып келеді. Науқастың қан қысымы қалыпқа келмеген соң жедел түрде жасанды жүрек-өкпе құрылғысына қостық. Осылайша, жүрекке қосымша сүйемелдеу арқылы көмек беріп, қан қысымын 70-ке дейін көтердік», – деп пікір білдірген еді кардиохирург.

Ал 25 жастағы қала тұрғыны «TikTok» арқылы кофеге тапсырыс беріп, арықтау үшін ішкенін айтты.

– Жаңа жыл қарсаңында салмағым құрт өсті.



– Қалыпты жағдайда бақыт гормондары көңіл күйді тұрақтандырып, тәбетті және жалпы тепе-теңдікті ұстап тұрады. Ал стресс кезінде кортизол күрт жоғарылап, нәзік баланс бұзылады. Осы тұста ағза өзгерістің орнын толтыру үшін мидағы әлсіз тұстарды пайданады. Процесс жүргенде бір адам көп ұйықтап, бірі көп тамақтанып, енді бірі мүлдем ұйқысыз қалады. Кейде эмоциялық тұрақтылық бұзылады. Міне, бұл – компенсациялық реакция. Көп жағдайда ол тамақ арқылы өтеледі. Тәтті мен көмірсуға құмарлықтың артуы да осыдан туады, – деп түсіндірді Бибінұр Бакытжанқызы.

Маман мұндай кезеңде психологиялық қолдаудың маңызды екенін айтты. Күйзелісті іште ұстамай, маманға жүгіну жүйке жүйесін реттеуге көмектеседі. Эмоцияны қауіпсіз жолмен шығару қажет. Ойды қағазға түсіру, серуендеу, жүзу, киноға бару, спортпен айналысу, физикалық белсенділік те

стрессті басуға әсер ететінін ескерген жөн. Күйзеліс ұзаққа созылмайды, бір-екі аптада ұмытылады. Алайда сол уақыт аралығында өз-өзін басқару дағдысы шешуші рөл атқарады.

## АРЫҚТАУҒА АСЫҚПА, ЖАС АНА!

Келесі маңызды сауал – босанғаннан кейін қалыпқа қалай құрысу керек? Жалпы алғанның өзінде босанудың өзі де ағзаға үлкен стресс. Тоғыз ай қатарынан болашақ ана екі адамның жүктемесін көтеріп, барлық жүйе баланың дамуына жұмыс істейді. Кальций, темір қоры, дәрумендер мен минералдар айтарлықтай азаяды. Сондықтан балалы болғаннан кейін бұрынғы қалыпқа келуге, артық салмақты реттеуге уақыт пен шыдамдылық керек.

– Алғашқы және негізгі қадам – дұрыс тамақтану. Рационнан ұннан жасалған өнімдерді, газдалған және тәтті сусындарды, шамадан тыс қарапайым көмірсуларды, фастфуд пен өңделген тіскебасарларды шектеу қажет. Оның орнын көкөніс пен жеміс-жидекке, сапалы ақуыз көздеріне, сүт өнімдеріне ауыстыруды ұсынамыз. Яғни тамақтану теңгерімді әрі қоректік болуы тиіс.

Иә, сапалы әрі жайлы ұйқы маңызды. Бірақ бала шамамен алты айына дейін түнде көп ұйықтай бермейді. Сәйкесінше анасы да түнде ұйықтамайды. Ал барлық отбасы, өкінішке қарай, бала күтушіні жалдай алмайды. Осыларды да ескере отырып, бала күндіз демалған кезде анаға да демалуға тырысу керек.

Физикалық белсенділік те біртіндеп енгізілуі керек. Босанғаннан кейін гормондық өзгерістерге байланысты тері серпімділігі төмендеп, шаш пен тырнақ әлсіреуі мүмкін. Коллаген синтезі мен минерал қоры азаяды. Мұның орнын толтыру үшін дұрыс тамақтанумен қатар, жеңіл жаттығуларды бастау маңызды. Спортзалға бару мүмкін болмаса, үй жағдайында жеңіл созылу, сергіту жаттығуларының өзі пайдалы. Сонымен қатар таза ауада серуендеу жүйке жүйесінің қалпына келуіне оң әсер етеді. Қалпына келу күнмен, аптамен есептелмейді, ағзаға уақыт керек...

Бұдан бөлек, дәрігерге қаралып, зертханалық талдаулар арқылы дәрумендер мен минералдар тапшылығын анықтап, қажет болған жағдайда олардың орнын толықтыру қажет, – деп дәрігер нақты кеңесімнен бөлісті.

Таразыдағы санға емес, ағзаның жағдайына мән беріп, салмақты дұрыс азайтқан жөн. Арықтаймын деп артық кетпеңіз!

Фитнеске бару керек деп жүргенімде, әлеуметтік желіден арықтататын ұнтақтың жарнамасын көрдім. Өзі кофе секілді, суға араластырып ішесін. Қызыға кетіп, бірден тапсырыс бердім. Алғашқы аптада, расымен, салмағым азайып, өзімді жеңіл сезініп жүрдім. Бірақ... 3 аптаның ішінде денсаулығым кенет сыр бере бастады. Соңында

**Сондай-ақ эндокринолог сұхбат барысында дұрыс және нәтижелі арықтаудың алтын стандартын тілге тиек етіп, құпиямен бөлісті. Бұл қандай тәсіл екен деп біз де таңырқап қалдық. Баржоғы осы төрт тіректі орындасаңыз болғаны, деніңіз де сау, келбетіңіз де мінсіз болады.**

**Бұл тізім спорт, уақытылы ұйықтау, күйзеліске түспеу мен дұрыс тамақтанудан тұрады. Параққа түрткіп алыңыз, оқырман. Қажетіңізге жарайтынына сенімдіміз.**

назар аударар жайт – тері мен сыртқы келбет. Салмақ тез азайған соң тері салбырап, шаш түседі.

Дәрігер препарат арқылы арықтау мәселесіне де сак қарау керек екенін ескертті.

– Бүгінде «арықтататын» деп ұсынылатын препараттың түрі де, атауы да көп. Алайда оларды қауіпсіз деп айта алмаймын. Мұндай дәрілердің құрамында орталық жүйке жүйесіне әсер ететін компоненттер болады. Таблетканы қабылдағаннан кейін адам өзін ерекше сергек сезінуі мүмкін. Мысалы энергиясы артады, тәбеті төмендейді, тершеңдік байқалады, көңіл күйі көтеріледі. Алайда ұйқының бұзылуы, жүрек қағысының жиілеуі, қан қысымының тұрақсыздануы да қатар жүреді. Бұл препараттар ағзаның табиғи жұмыс ырғағын жасанды түрде жылдамдатады. Яғни зат алмасу үдерісі күшейіп, ағза қалыпты режимнен тыс жұмыс істей бастайды. Мысалы ағза 100%-дың орнына 1000% жұмыс істейді. Осы арқылы адам арықтайды. Бірақ мұндай жүктеме бауырға, жүрек-қан тамыр жүйесіне және орталық жүйке жүйесіне кері әсер етеді, – деп түсіндірді маман.

## КҮЙЗЕЛІС САЛМАҚ ҚОСУҒА СЕБЕП ПЕ?

«Стрестен кейін семіріп кеттім». Қазір осындайды жиі естіміз. Иә, салмақ жинауға психологиялық факторлар да әсер ететінін айттық. Бірақ барлығы бірдей семірмейді, керісінше жүйелілік де бар. Сонда бұл процесс қалай жүреді?

Эндокринолог-дәрігер Бибінұр Кетебаева салмақ пен стресстің арасын түсіндіру үшін «Жалпы стресс әр адамда әртүрлі өтеді. Оған генетикалық ерекшеліктер де әсер етеді. Біреу күйзеліс кезінде тамаққа жүгінеді, енді бірі тәбетін жоғалтады. Кейбірі көп ұйықтаса, екіншісінде ұйқы бұзылады» деп сөз бастады.

### • Қосымша дерек

Салмақпен жұмыс істегенде таразы мен калориядан бөлек салмағының индексі де ескерген жөн. ҚСИ – адамның салмағы мен бойының сәйкестік дәрежесін анықтауға көмектесетін шама. Бұл индекс дене массасының жеткіліксіз, қалыпты немесе артық екенін бағалайды. Арнайы формуласы да бар.

Әлия ТӘЖІБАЙ

Өзін-өзі емдеудің қандай қаупі бар? Ал қатерлік ісік неден пайда болады? Осы және өзге де сауалдарға жауап алу үшін Шиелі аудандық көпбейінді орталық ауруханасының онколог-дәрігері Сәуле Жансаринамен арнайы сұхбаттастық.



## ҚАТЕРЛІ ІСІК «ЖАСАРЫП» БАРАДЫ:

# МАМАН НЕ ДЕЙДІ?

– Әуелі қатерлі ісік аурулардың пайда болу себебіне тоқталсаңыз.

– Қатерлі ісік – ағзадағы мутацияға ұшыраған жасушалардан дамиды ауру. Бүгінде оның пайда болуының бір ғана нақты себебі анықталған жоқ. Алайда негізгі қауіп факторларына дұрыс тамақтанбау, темекі шегу, имунитеттің әлсіреуі, созылмалы қабыну аурулары, радиация мен ультракүлгін сәулелердің әсері жатады.

Мысалы, қорғанышсыз ұзақ уақыт күн сәулесінің астында болу тері қатерлі ісігіне әкелуі мүмкін. Сондай-ақ Helicobacter pylori микробына созылмалы гастрит пен асқазан жарасын тудыратыны белгілі. Егер ол уақытында емделмесе, асқазан қатерлі ісігінің дамуына ықпал етуі мүмкін.

Дені сау ағзада қатерлі ісіктер дамымайды. Түрлі созылмалы аурулар мен уақытында емделмеген жаралар қатерлі ісіктің дамуына негіз болуы мүмкін.

Кейінгі жылдары онкологиялық аурулардың «жасаруы» байқалауда. Қатерлі ісік жас адамдарда да жиі анықталуда. Сондықтан әрбір адамға медициналық тексеруден жүйелі түрде өту өте маңызды.

– Шиелі ауданында онкологиялық аурулармен қанша науқас есепте тұрады?

– 2025 жылы ауданның шамамен 700 тұрғыны диспансерлік есепте тұрса, оның 156-сы алғаш рет анықталған науқастар. Жыл сайын 100-150 жаңа жағдай тіркеледі. Бірқатар пациенттердің бес жылдық өмір сүру шегінен асып кеткені куантады. Алайда, өкінішке қарай, аурудың көз сатысында, ағзада қайтымсыз өзгерістер басталған кезде жүгінетіндер де бар. Біздің дәрігерлер әр пациенттің өмірін сақтап қалу үшін бар күш-жігерін салуда. Ауданда онкологиялық аурулардың басым бөлігі – өкпе обьры. Одан кейін сүт безі және асқазан-ішек жолдарының ісіктері жиі кездеседі.

Бұрын оңаш қатерлі ісігімен ауыратындар көп болатын. Ол кезде тұрғындар самаурыннан шай ішетін. Айта кету керек, өте ыстық сусындарды ішуге болмайды. Өңешті күнделікті күйдіру ауыр ауруларға әкелуі мүмкін.

Тағы бір мәселе – фастфуд пен майлы тағамдар. Бізде бір жағдай болды. Көкшетау қаласындағы жоғары оқу орындарының бірінің I курс студентіне асқазанның қатерлі ісігі диагнозы қойылды. Ол тез дайындалатын кеспелермен жиі тамақтанатынын айтты. Өкінішке қарай, диагноз қойылғаннан кейін үш айдан соң ол қайтыс болды. Сонымен қатар алкоголь, вейп, қорқор және темекі шегу онкологиялық аурулардың дамуына әсер етеді.

– 2026 жылғы I қаңтардан бастап онкологиялық скрининг барлық азаматқа қолжетімді болды. Кімге және қандай скринингтік тексеруден өту қажет?

– 2026 жылдан бастап онкологиялық скрининг МӘМС жүйесіндегі мәртебесіне қарамастан Қазақстан азаматтарының барлығына тегін жүргізіледі. 40-70 жас аралығындағы әйелдер әр екі жыл сайын сүт безі қатерлі ісігін

анықтауға арналған скринингтен өтеді. 30-70 жас аралығындағы әйелдер әр төрт жыл сайын жатыр мойны обырына, 50-70 жас аралығындағы ерлер мен әйелдер әр екі жыл сайын колоректальды қатерлі ісікке скринингтен өтеді.

Ток ішек қатерлі ісігін анықтау үшін гемокульт-тест жүргізіледі. Бұл нәжістерге жасырын қанды анықтайтын экспресс-талдау. Ол белгілер болмаған кезде қан кету көзін анықтауға мүмкіндік береді. Жасырын қан ісік қалыптасудан бірнеше жыл бұрын пайда болуы мүмкін. Нәтиже оң болған жағдайда пациентке колоноскопия жасалады.

– Онкологиялық ауруларды анықтау және емдеу үшін қандай заманауи медициналық құрал-жабдықтар бар?

– Бүгінде Қызылорда облысы қажетті заманауи диагностикалық жабдықтармен жақсы қамтамасыз етілген. Шиелі ауданында компьютерлік томограф жұмыс істейді. Эндоскопиялық зерттеулер, биопсия материалдарының цитологиялық және гистологиялық талдаулары қолжетімді.

Қатерлі ісікті емдеудің үш негізгі әдісі бар: химиялық препараттармен, хирургиялық әдіспен және сәулелік терапия. Қазіргі ғылым тұрғысынан ісікті оның түбірімен бірге хирургиялық жолмен алып тастау ең жақсы нәтиже береді.

– Биылдан бастап бірқатар әлеуметтік маңызды бар ауруларды, оның ішінде қатерлі ісіктерді диагностикалау және емдеу тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі аясында қол жетімді. Яғни, егер науқаста қатерлі ісікке күдік болса, ол барлық медициналық қызметті тегін ала ма?

– Иә, МӘМС жүйесіндегі мәртебесіне қарамастан, онкологиялық ауруы бар пациенттерге барлық диагностикалық және емдік шаралар тегін тағайындалады. Айта кету керек, Қазақстан – онкологиялық ауруларды емдеу тегін жүргізілетін бірегей ел. Басқа мемлекеттерде бұл қызметтер ақылы және «медициналық туризм» ретінде көрсетіледі.

Оңтүстік Корея, Израиль және Германияда медициналық туризм кенінен дамыған.

Егер 10 жыл бұрын Қазақстанда қатерлі ісіктің I-II сатылары 45-46% жағдайда анықталса, бүгінде бұл көрсеткіш 60%-дан асты. Бұл дәрігерлердің үйлесімді жұмысының нәтижесі. Шетелде бұл көрсеткіш шамамен 70%-ды құрайды.

– Неліктен өзін-өзі емдеуге болмайды?


– Кейбір тұрғындар дәрі-дәрмектерді қолдану немесе халық емшілеріне жүгінуді нәтижелі деп санайды. Алайда өзін-өзі емдеу қымбат уақытты жоғалтуға әкеледі.

Қатерлі ісік ерте сатысында анықталса, сәтті емделеді және асқынудың алдын алуға болады. Сондықтан дәрігерге уақытылы жүгініп, профилактикалық тексерулерден өту өте маңызды.

– Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан  
Айгүл АХАНОВА

Суреттер ашық дереккөзден алынды





**Қазақ поэзиясының падишасы Фариза Оңғарсынованың 1987 жылы болашаққа, әлі танылмаған ақын сіңлісіне арнап жазған хаты бар екенін білесіз бе? Сол киелі аманат араға 21 жыл салып, Аралдың ақын қызы, бүгінгі кейіпкеріміз – Айбану Қалиеваның қолына тиді. Киелі өңірдің тумасы, бала күнінен өлеңмен өрілген өмір жолын таңдаған ақын Айбанумен болған сыр-сұқбат ерекше болмақ.**

## Айбану ҚАЛИЕВА: ФАРИЗАНЫҢ АМАНАТЫН КӨЗІМНІҢ ҚАРАСЫНДАЙ САҚТАЙМЫН

– Өңіріменің әлқиссасын, ақынның аманатынан бастасам... Қазақтың ақын қызы Фариза Оңғарсынова ол хатта не жазыпты?

– Иә, Фариза Оңғарсыновадай аузы дуалы ақын апамыздың аманатын алғаным рас. Бұл – менің өмірім мен шығармашылығымдағы ең үлкен жетістігім әрі жауапкершілігім.

Оқиға былай болды. 9-сыныпта оқып жүргенімде мектеп ұжымы маған арнап шығармашылық кеш ұйымдастырып берді. Ұстаздарым «Айбану, сен жақсы жазасың, саған қолдау көрсетейік» деді. Бірнеше ай дайындалып, «Жас жүректен – әр жүрекке» атты үлкен кеш өткіздік. Сол кезде өзім редактор болып, мектеп жанындағы мен оқушылардың өлеңдерін жариялайтын «Шағала» атты қабырға газетін де шығарған едім.

Сонымен, кешке аудандық «Толқын» газетінің жауапты хатшысы Құндыз Дәуітова апамыз қонаққа келді. Ол кісі менің өлеңімді естіп, өнерімді көріп, қатты тебіренді. Сөйтсек, 1987 жылы Фариза Оңғарсынова мен Мейірбек Ақдәулетов Аралға келіп, оқушылармен кездесу өткізіпті. Сол жиында Фариза апамыз оқушылардың өнерін тамашалап отырып: «Биші шыққан, күйші шыққан мына ауылдан, ортамыздан бір ақынның шықпауы қалай?» деп сұрапты. Ол кезде бала ақын табылмаса керек. Сол сәтте апамыз Құндыз Дәуітованың қолына хат беріп: «Сен асықпа, бұл елден қазақтың екінші Фаризасы әлі шығады. Мына хатты сол қызға табыстарсың, бұл саған аманат» деді. 1987 жылы жазылған хат араға 21 жыл салып, 2008 жылы менің қолыма тиді. Құндыз апай сахнаға шығып, осы оқиғаны тебірене айтып: «Қазаққа осындай Фариза өсіп келе жатыр екен» деп аманат хатты маған табыстады. Сол сәттегі кішкентай жүрегімнің лүпілін сөзбен жеткізу мүмкін емес. Қобалжығаным сонша, хатты қолға алғанда:

«Аманатыңызды сақтаймын,

Әр сөзіңді сақтаймын.

Тебіренген толқында

Кемедегі жандаймын» – деп суырып салып жауап беріпін. Бұл мен үшін өмірлік бойтұмардай қымбат дүние.

– Сіз үшін ақындық қанда бар қасиет пе, әлде даралық па?

– Мен үшін ақындық – киелі қасиет. «Әу демеітін қазақ жоқ» демекші, әрбір қазақтың қанында ақындықтың ұшқыны бар деп ойлаймын. Қазақ – сөзге бай халық. Екінші жағынан, ақын-жазушылардың мекені – киелі Аралда өскендіктен де, бұл қабілет қанымызға сіңген болар. Бала кезден Толыбай Абылаев, Жұмабай Жақып, Ергали Абдулла сынды ақын ағаларымыздың мектебін көріп өстік. Олардың өлеңдерін бірде күліп, бірде жылап оқып, бала көңілмен еліктейтін едік. «Аға, мына өлеңді мүшәйраға жіберейін деп едім, түзетің жерлері болса, қарап берсеңіз» деп алдарына жиі бардық. Ол кісілер бар жұмысын ысырып қойып, біздің бала көңілді қимай шимай дәптеріміздегі өлеңдерді оқып, бағыт сілтейтін.

Ал өз отбасыма арнайы өлең жазған адам жоқ. Бірақ анамның айтуынша, орысша оқыған әкемнің кейде шумақтатып өлең жазатыны бар екен. Анам біз ес білгелі баспасөзге ерекше құрметпен қарайтын. Кітап, газет-журналды тастамай оқиды. Әр басылымның ерекше тұсын қып алып, «Айбануыма керек болады-ау» деп сақтап қоятын. Біз ол кезде түсінбейтінбіз. «Қазір интернет бар ғой» десек, «Сендердің желілеріңде мұндай керекті дүние жоқ» деп жауап беретін. Анамның сол ықыласы мен басылымдарға деген құрметі маған осындай бақ сыйлаған шығар деп ойлаймын.

– Шыбытты қайдан аласыз?

– Бұл тұрғыда әр ақынның жауабы әртүрлі болар. Бірі тыныштықта, бірі көңіл-күйі шалқып тұрғанда, енді бірі мұнайғанда жазады. Менде нақты «дәл осы дүниеден шыбыт аламын» дейтін арнайы ұстаным жоқ. Негізі шығармашылық адамдары көбіне тыныштықты, түнгі уақытты қалайды ғой. Ал менде керісінше – жұмыс қызып, қайнап жатқан уақытта жазғанды ұнатамын. Студенттік шағымнан сондай едім. Дәріханада бәрі у-шу болып жатқанда, мен өлең жазып отыратынмын. Әрине, тыныштықта туатын жырлар да болады. Мүмкін, бұл менің болмысыма байланысты шығар. Мен үшін ең басты шыбыт көзі – жанымдағы жайлы орта.



– Өмірлік серігіңіз Тұрар Бекмырзаев та ақын екенін білеміз. Бір шаңырақ астында екі ақынның ғұмыр кешуі шығармашылық жолдарыңызға қалай әсер етеді?

– Біз Тұрар екеуіміз Сұлутөбе ауылында өткен кезекті мүшәйрада таныстық. Таныстығымыз достыққа, кейін үлкен сезімге ұласып, отау құрдық. Мен үшін азаматымынның шығармашылығы әрқашан биік тұрады. Поэзия әлемінде алдымен Тұрардың, содан кейін менің жолым. Егер бір мүшәйраға екеуімізге де қатысу мүмкіндігі туса, алдымен жолдасымды ұсынамын. Ол кісі уақыты болмай, үлгермей жатса ғана мен барамын.

Бір қызық оқиға айтып берейін. Жақында бір мекеме анонимді түрде өлең алмасу байқауын жариялады. Ол жерде мен жүлделі орынға іліктім. Ұйымдастырушылар дерегімді сұрағанда аты-жөнімді жазып жібердім. Ертеңіне марапат алуға шақырды. Кейін ұйымдастырушы Тұрарға хабарласып: «Әй, Түреке, сенің келіншегің екен ғой өлең жіберген. Біз білмей қалдық. Тұрардың әйелі екенін білгенде өткізбейтін едік», – деп қалжындапты. «Өлеңді өзін жазып бердің» дегенді меңзегені ғой. Сонда Түрекең де сөзден тосымай «Ол маған дейін ақын болған адам. Бізді таныстырған да, табыстырған да осы өлең. Күдікпен қарауды қойыңдар. Егер келіншегің байқауға қатысқаны келсе, өзі жазып қатысады, қатысқаны келмесе, мен қанша айтсам да жібермейді» деп жауап беріпті. Қазір мен үшін бірінші орында – аналық міндетім, балаларым мен отбасым. Бірақ балалар есейген соң шығармашылығымды қайта қолға аламын.

– Әсерлі әңгімеңіз үшін рақмет!

Сұқбаттасқан Мерей ШӨКРАТ



900 сағат. Бұл – 37 күн. Ал осынша уақытты көкте өткізу мінезді, төртіпті, болаттай беріктікті талап етеді. Осындай талап үдесінен шығып жүрген жандардың бірі – ІІМ Ұлттық ұлан құрамындағы 3656 әскери бөлімінің ұшқышы Берікболсын Хабиболла.

Ол өзінің қайтпас қайсарлығын, жүректілігін, нағыз жауынгерге тән қасиетін танытты.

Майордың батылдығы жоғары бағаланып, ол «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалімен марапатталған.


Ұландық ұшқыштар қай кезде болмасын қызметке һәм көмекке дайын. Мысалы 3656 әскери бөлімі құрылғаннан бері олар 100 мыңнан астам адам мен 8 миллион тоннадан астам жүк тасымалдаған. Берікболсын Хабиболланың айтуынша, әр ұшу – тәжірибе мен жауапкершіліктің мектебі.

– Ұшақ кабинасына отырған сәттен бастап сен ұшақпен бір тұтас механизмге айналасың. Ал әрбір көкке көтерілу, әуе кемесін тізгіндеу ұшқышқа бұрынғыдан да мұқият болуды үйретеді, – дейді ол.

Расымен де, көкті бағындыру үшін білім де, тәжірибе де, төртіп те қажет. Өйткені аспан қателікті кешірмейді.

Инжу МАРЖАН

### СУРЕТ АШЫҚ ДЕРЕККӨЗДЕН АЛЫНДЫ



Адам баласы жаратылғалы бері екі ұлы құбылыстың құпиясын ашуға ұмтылып келеді: бірі – уақыт, екіншісі – сана. Уақыт көзге көрінбейді, физикалық қалпы белгісіз, бірақ ғұмырымызды өлшеп, тағдырымызды айқындап отырады. Ал сана болса бізді өзге тіршілік иелерінен даралайтын, әлемді тануға, тіпті оны өзгертуге мүмкіндік беретін тылсым қуат.

Ғалымдардың пайымдауынша, Жер шамамен 4,5 миллиард жыл бұрын пайда болды. Егер осы орасан мерзімді бір тәулікке теңесек, адамзат өркениеті сол тәуліктің соңғы бірнеше секундына ғана сыяр еді. Бұл дерек адам өмірінің қысқалығын емес, керісінше, оның ғажайып мүмкіндігін аңғартады. Осынша қысқа уақыт ішінде адамзат жазуды ойлап тапты, өркениет құрды, ғарышқа ұшты, мұхиттың түбін зерттеді. Демек уақыттың азығын шектеу емес, жергілікті сыналатын алаң деп түсінгеніміз дұрыс.

Сана – адамзаттың шексіз кеңістігі. Адам

## ШЕКТЕУЛЕР МИЫМЫЗДА ҒАНА

миында шамамен 86 миллиард нейрон бар. Әр нейрон мыңдаған байланыс түзе алады. Бұл біздің ойлау, қиялдау, сезіну қабілетіміздің қаншалықты ауқымды екенін көрсететін айғақ. Бір сәт ойлап көріңізші: адам көзі секундына миллиондаған ақпарат қабылдайды, бірақ ми оның аз ғана бөлігін өңдейді. Яғни біз шындықтың өзін емес, санамыз сүзгіден өткізген бейнесін ғана көреміз. Демек біздің әлем туралы түсінігіміз көбіне өз ішкі шектеулерімізге тәуелді.

Қызығы, адам тәулігіне шамамен 60-70 мың ой ойлайды екен, әрі олардың басым бөлігі қайталанатын ойлар. Бұл біздің санамыз кейде өзіне өзі құрған шеңберден шыға алмайтынын білдіреді. «Менің қолымнан келмейді», «Бұл мүмкін емес», «Мен бұған лайық емеспін» деген

ойлар – нақты шындық емес, санада пайда болған жасанды шекара. Уақыт бізді шектемейді, көбіне біз өзімізді өзіміз шектейміз.

Алайда адам санасының мүмкіндігі мұнымен бітпейді. Кітап оқу нейрондық байланыстарды күшейтіп, эмпатианы арттырады. Музыка миың екі жарты шарын қатар белсендіреді. Арман мен қиял болашақ жоспарларды құруға көмектеседі. Тіпті қарапайым алғыс айту сезімі адамның психологиялық және физикалық саулығына оң әсер ететіні дәлелденген. Демек сананы тек ойлау құралы деп қабылдау қате түсінік.

Тағы бір танғаларлық шындық: адам денесіндегі атомдардың басым бөлігі баяғыда жұлдыздардың қойнауында түзілген. Сенесіз бе? Біз жұлдыз шаңынан жаратылғанбыз тіршілікті.

Ғарышпен байланысымыз осыншалық терең болса, неге өз мүмкіндігімізді тар аяда өлшеуіміз керек?

Өмірдің мәні, бәлкім, нақты жауап табауда емес, үздіксіз ізденісте шығар. Уақыт ағып жатыр, ал сана сол ағысқа бағыт беретін ескек іспетті. Егер адам өз ойын өзгерте алса, өмірін де өзгерте алады.

Бәлкім, адам болудың шынайы құдіреті уақыттың өткініштілігін сезіне отырып, сананың шексіздігін мойындай алуда шығар. Әр сәтті бағалап, әр ойды салмақтап, өз мүмкіндігімізге сену арқылы біз өмірдің мәнін тереңірек түсінеміз. Өйткені шын еркіндік сыртқы жағдайдан емес, адамның ішкі сенімінен бастау алады.

Қорлан САРЫ